



Дана БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ



№1 (37)
2024



Дана БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 1 (37), 2024

www.irrd.kz



НАУРЫЗ

құтты болсын!

Құрметті оқырмандар!

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы құтты болсын!

Әз - Наурыз - жаңару мен жаңғырудың береке мен бірліктің бастауы.

Жылдың бұл мезгілі - күн мен түн теңеліп, жер жүзі қайта түлейтін шақ. Сондықтан ата-бабамыз ежелден шуақты көктем мерекесіне айрықша мән берген, оны Ұлыстың ұлы күні деп ұлықтаған. Бұл күндері мейірімділік, жанашырлық жасампаздық сияқты қасиеттер ерекше дәріптеледі. Соның арқасында еліміз бірлігін бекемдеп, тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Халқымыз әрдайым Наурыз мейрамдарын жақсылықтың жаршысына балаған. Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Түбегейлі өзгерістер қастерлі отанымызды өркендетуге тың серпін беріп, ынтымағы жарасқан жұртымыздың ырысы артып, қолға алған игі бастамаларымыз оңынан болсын, деп тілеймін.

Әз-Наурыз әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш әкелсін! Отбасыларыңызға амандық құт-береке тілеймін! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!

Барлық игілікті істеріңіз табысты болсын!

*Құрметпен,
ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты»
директоры Гүлшат Онланбекқызы*

Республикалық ғылыми-ақпараттық, әдістемелік журнал құрылтайшысы:
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы

Бас редактор *Гүлшат Онланбекқызы*

ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту
институты» РММ директоры

Атқарушы редактор *Ерманова Мария Наятовна*

Балаларды ерте дамыту институты директорының орынбасары

Редакция алқасы *Убайдуллаева Гүлжан Жақсыбайқызы,*
Сағалиева Жанар Каукербековна
Исанбергенова Ақкенже Аяпбергенова
Ахметова Жазира Батырбековна
Исаева Жибек Кайруллиновна

«Ғылыми педагогикалық зерттеулер» зертханасының
мамандары

Техникалық редакторлар *Полатов Берик Байдуллаевич,*
Кенжеахметов Олжас Сеитович

«Мониторинг және талдау» департаментінің мамандары

ДАНА БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын,
ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлігі.
Алғашқы есепке алу кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 21.07.2014, 14471-Ж

МАЗМҰНЫ

Содержание

ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ АКТУАЛЬНАЯ ИНФОРМАЦИЯ

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар 6

Методические рекомендации по обеспечению безопасности воспитанников в дошкольных организациях 18

ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІС НАУЧНЫЙ ПОИСК

Балаларды ерте дамыту институтын дамытудың басым бағыттары
Онланбекқызы Г. 30

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын арттыру
Ерманова М.Н. 33

Педагог в системе дошкольного воспитания и обучения
Мукушева Г.О. 36

Бала дамуындағы ойынның психологиялық мәні
Шахбергенова Ж.Ж. 39

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта: бала дамуының маңызды факторы
Умиралиева М.Б. 43

Балабақшадағы гендерлік тәрбиенің маңыздылығы
Боранбаева М.С. 47

ПЕДАГОГТЕР СІЗДЕР ҮШІН ДЛЯ ВАС ПЕДАГОГИ

Асықты тиімді пайдалану технологиясы
Мухамеджанова А.Б. 50

МАМАНДАР КЕҢЕС БЕРЕДІ СПЕЦИАЛИСТЫ СОВЕТУЮТ

Мектепке дейінгі ерекше білім беруде балаларды скаффолдинг әдісі арқылы шығармашылыққа баулу
Сахибеденова Қ.С. 53

Эффективные практики в работе с детьми с особыми образовательными потребностями
Кулинич Т.Н. 57

Коррекционно-оздоровительная работа с детьми с особыми образовательными потребностями в детском саду
Нагасимова Д.Ю. 61

Роль средств народной педагогики в формировании интереса к здоровому образу жизни на занятиях физической культуры у детей дошкольного возраста
Бритыко Н.В. 65

Развитие мелкой моторики рук детей дошкольного возраста
Гейер А.А. 69

Сенсорная интеграция в работе логопеда с дошкольниками
Григорьева Л.Н. 72

Арт-терапия как метод преодоления эмоционального стресса
Каширина А.А. 75

Алгоритм разучивания песни
Коломеец Н.П. 77

Здоровьесберегающие технологии в работе с детьми с нарушением зрения, посредством использования коррекционных и педагогических приемов
Муртазина Н.Н. 79

О взаимодействии ясли-сада и семьи в формировании здорового образа жизни дошкольника
Нарышкина М.П. 82

Методика игры на диатонических колокольчиках
Обруч Г.Б. 85

Использование нетрадиционного рисования в работе с детьми с особыми образовательными потребностями
Ускова Ю.А. 88

Эффективные приёмы формирования сюжетно-ролевой игры у старших дошкольников с особыми образовательными потребностями
Чекалина А.Е. 90

АТА-АНАЛАРМЕН СЕРІКТЕСТІК СОТРУДНИЧЕСТВО С РОДИТЕЛЯМИ

Мектепке дейінгі ұйымда ата-аналармен жұмыстың жаңа форматын ұйымдастыру
Бозимова Ж.М. 94

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ НАШ ДЕТСКИЙ САД: МЫ ПРЕДЛАГАЕМ

Мектеп жасына дейінгі балалармен Lego құрастыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру
Досатова К.Д. 97

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ ИННОВАЦИЯ И ОПЫТ

Компьютерлік ойындар арқылы мектепалды жастағы балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту
Сеитова А.Т.
Ажданова Р.М. 100

Интеллектуалды ойындар баланы креативті қабілетін дамыту құралы
Сапешова У.К. 104

ДАНА БАЛА

Мектеп жасына дейінгі балаларға ерте кәсіптік бағдар беру мәселесі <i>Сейфуллина А.С.</i>	108
Мектепке дейінгі ұйымдарда дарынды балаларды дамыту жолдары <i>Бексеитова Б.Ж.</i>	112
Экспериментальная деятельность в старшей группе с детьми ООП <i>Табакова А.Р.</i>	114
Сторителлинг как инновационная технология развития связной речи детей дошкольного возраста <i>Бексултанова Д.П.</i>	117
Инновационные технологии в развитии речи детей дошкольного возраста <i>Глухова А.В.</i>	120
Инновационные формы и методы работы с детьми раннего возраста <i>Джунусова С.С.</i>	124

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ

Қазақ халқының мәдени мұрасы негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік – рухани құндылықтарын қалыптастыру <i>Букебаева Н.С.</i>	129
Формирование толерантности как начальный этап нравственного воспитания дошкольника <i>Макаева Ж.А.</i>	132
Формирование толерантности у дошкольников в условиях современной системы образования <i>Саржакова Л.А.</i>	135

МЕРЕКЕДЕН МЕРЕКЕГЕ ПРАЗДНИКИ КРУГЛЫЙ ГОД

Ғажайып ғарыш <i>Балтабай Н.</i>	139
«Ана - өмір шуағы» атты мерекелік ертеңгіліктің сценарийі <i>Джумагулова А.С.</i>	142

БАЛАЛАР ӘЛЕМІ МИР ДЕТСТВА

Менің мейірімді отбасым <i>Алғазиева Р.С.</i>	146
Театрландырылған әрекеттер арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру <i>Алдамжарова Л.Т.</i>	150

Негізгі тақырыптық бағыты

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы бойынша озық идеялар мен тәжірибелерді тарату, педагогтер мен ата-ана қауымына ақпарат түрінде әдістемелік көмек көрсету

Основная тематическая направленность

Распространение передовых идей и опыта в области дошкольного воспитания и обучения, оказание методической помощи педагогической и родительской обществу в виде информационного материала

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«Балаларды ерте дамыту институты» РММ базасында әзірленген*

Әлемде ешбір адам техногендік және табиғи апаттардан сақтандырылмаған. Бүгінгі күні өмірдің өзі ересектерге ғана емес, сондай-ақ мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз мінез-құлық негіздерін үйрету қажет екенін дәлелдеді. Әлеуметтік, табиғи және экологиялық қолайсыз жағдайларда баланың қоршаған әлемді тануға деген қызығушылығы ол үшін қауіпті болуы мүмкін.

Сондықтан баланы өзінің және айналасындағылардың қауіпсіздігіне саналы, жауапты қарауға үйрету, төтенше жағдайларда жылдам әрекет етуге дайындау қажет.

Негізгі міндет – балалардың санасында көшеде, жолдарда, қоғамдық көлікте, табиғатта және өрт болған кезде және тағы басқа жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық ережелеріне қарсылықсыз бағыну, яғни оларды орындау қажет деген ой қалыптастыру.

Табиғи апаттар мен төтенше жағдайлар кезінде мектепке дейінгі ұйымдарда мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз мінез-құлық негіздерін үйрету олардың қауіпті жағдайларда саналы мінез-құлқын қалыптастыру бойынша мақсатқа бағытталған кешенді жұмысты көздейді. Қазіргі кезде өмір қауіпсіздігі мәселесін бүкіл әлем мойындайды және шешуді қажет ететін маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Әрбір адам, ересек те, бала да кез келген сәтте төтенше жағдайға, қауіпке тап болуы мүмкін. Техногендік және экологиялық апаттар, террористік актілер, әскери шиеленістер, қылмыстың өсуі, әлеуметтік

және экономикалық тұрақсыздық әсіресе балаларға қатты әсер етеді.

Бұл жұмыстың өзектілігі мектепке дейінгі жас баланың жеке тәжірибесін қалыптастырудың маңызды кезеңі болып табылатынымен байланысты, дәл осы кезеңде қауіпсіз мінез-құлық тәжірибесі қалыптаса бастайды, сондықтан балаларды қоршаған ортада қауіпсіз өмір сүруге дайындау жүзеге асырылуы керек.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты табиғи апаттар, төтенше жағдайлар, бөгде адамдармен қарым-қатынас жасау кезінде мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз мінез-құлық негіздерін үйрету бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету.

Бұл материал балабақшаларда қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған нұсқаулық болып табылады.

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы)

9 т. «Жобалау кезінде объектілердің аумағында балалардың әрбір жас топтары үшін жеке ойын алаңдары көзделеді. МДҰ алаңдарының көлемдері балалардың санына қарай бір орынға кемінде 4 м² қабылданады».

10 т. «Әрбір топтық алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғау үшін үш жағынан қоршалған кемінде 20 м² көлеңке қалқа көзделеді. Көлеңке қалқалардың едені ағаштан болуы көзделеді».

28 т. «Объектілерді пайдалану кезінде аумағында бұзылмаған қоршауы болады.

48 т. Объектілердің аумағында сыртқы жасанды жарықтандыру орнатылады.

128 т. Күн сайын әрбір жас тобында балаларды таңертеңгі тексеріп-қарау жүргізіледі».

139 т, тт) 9 «серуендеуді ұйымдастыру үшін үй маңындағы аумақтағы қоршалған ойын алаңын пайдалануға (кесте бойынша серуендеуді ұйымдастыруға жол беріледі)».

3. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР ОАМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы)

2 т. «Мектепке дейінгі ұйымдардың міндеттері:

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;»

Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 бұйрығы)

200 т. «... Бастауыш білім оқушыларымен, сондай-ақ мектепке дейінгі балалар ұйымдарында өртке қарсы тақырып бойынша әңгімелесулер жүргізіледі».

207 т. «Балалар ұйымдарының ғимараттарында мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың топтары (сыныптары) үшінші қабаттан жоғары орналастырылмайды».

208 т. «Сыныптарда, кабинеттерде, шеберханаларда, жатын бөлмелерде, асханалар мен басқа да бөлмелерде жиһаздар мен жабдықты орналастыру кезінде адамдарды кедергісіз эвакуациялау және өрт сөндіру құралдарына жету қамтамасыз етіледі».

209 т. «Оқу сыныптары мен кабинеттерінде шкафтарда, сөрелерде немесе тұрақты

орнатылған тіреулерде сақталуы тиіс оқу процесін қамтамасыз етуге қажетті жиһаздар, аспаптар, үлгілер, керек-жарақтар, құралдар ғана орналастырылады».

210 т. «Оқу сыныптары мен кабинеттеріндегі парталар (үстелдер) саны жобалау құжаттамасында белгіленген саннан аспауы тиіс».

211 т. «Сабақтар аяқталғаннан кейін кабинеттерде, зертханаларда және шеберханаларда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар жеке үй-жайларда орнатылатын жанбайтын шкафтарға (жәшіктерге) жиналады».

212 т. «Жұмыс аяқталғаннан кейін үздіксіз жұмыс істеу үшін көзделгендерден басқа, электр аспаптарын өшіре отырып, барлық үй-жайларға тексеру жүргізіледі».

213 т. «Балалар тәулік бойы болатын білім беру ұйымдарында және мектепке дейінгі балалар ұйымдарында телефон байланысын қамтамасыз ете отырып, қызмет көрсету персоналының тәулік бойы кезекшілігі белгіленеді».

5. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығы)

79 т. «Осы Нұсқаулықтың 78-тармағында көзделген техникалық жарақтандыруға қосымша екінші топтағы объектілер кіруді бақылау және басқару жүйелерімен (турникеттер) жарақтандырылады, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары үшін домофон жүйесі қолданылады».

6. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы №49 және Қазақстан Республикасы Білім беру және ғылым министрінің 2019 жылғы

23 қаңтардағы №32 бірлескен бұйрығы)

7т.«Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында бейнебақылау жүйесімен:

1) ұйымға іргелес жатқан аумақтың периметрі;

2) бас және қосалқы кіру есіктері;

3) адамдар көп жиналатын үй-жайлар (орындар);

4) білім беру ұйымы басшысының (меншік иесінің) қарауы бойынша басқа да үй-жайлар жабдықталады».

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЖӘНЕ ОНЫҢ АУМАҒЫНДА ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Әрбір мектепке дейінгі ұйым меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсынымдарды (бұдан әрі - Ұсынымдар) орындауға тиіс.

Бұл ұсынымдар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде республикада бірыңғай саясат жүргізуге бағытталған.

Күнделікті жағдайларда балалардың өмірі мен денсаулығы үшін олардың ата-аналары жауап береді, бірақ олар балабақшада болған кезде бұл міндет мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі мен тәрбиешілеріне жүктеледі. Балалардың балабақшадағы қауіпсіздігі – балабақшада, оның аумағында, ойын алаңында балаға қауіп төндірмейтін ортаны құру және қолдау.

Мектепке дейінгі мекеменің әкімшілігі мен тәрбиешісі топқа келген әр баланың өмірі мен денсаулығын қорғауға жеке жауап береді, жарақаттанудан сақтандыруға ерекше назар аудара отырап балалардың барлық режимдік сәттеріндегі қауіпсіз мінез-құлықтарын бақылауды іске асырады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін регламенттейтін нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес ұйымдастыру қажет.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруға педагогтік

немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеу бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагог қызметкерлер жіберіледі.

Тәрбиеші лауазымына қабылдау кезінде басшы қызметкердің назарын тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау – мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеттерінің бірі (ҚР ОАМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының 2-тармағы), оның тікелей және негізгі міндеті болып табылатындығына аударуы қажет; бұл ұстаным лауазымдық нұсқаулықта нақты және толық көрсетілуі тиіс.

Мектепке дейінгі ұйым басшысы айына кемінде бір рет рұқсатнамалық тәртіптеменің, техникалық күзет құралдарының (бейнебақылау жүйесі) жай-күйіне, құжаттаманың болуы мен оның жүргізілу тәртібіне, шығатын қосалқы есіктердің ұсталуына жоспарлы тексеру жүргізуі қажет.

Ғимараттың орталық кіреберісінде балабақша аумағында және ғимаратында бөгде адамдардың рұқсатсыз кірмеуін қадағалау мақсатында өткізу бекеті орнатылады. Түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері ғимаратты тікелей күзетуді мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекіткен кесте бойынша күзетшілер жүзеге асырады.

Келушілерді есепке алу журналына тіркегеннен кейін олардың жеке басын куәландыратын құжаты болған жағдайда ғана балабақша ғимаратына кіруге рұқсат етіледі.

Мектепке дейінгі ұйым басшысының, жедел жәрдем мен өрт сөндіру және басқа да апаттық қызметтердің мекенжайлары мен телефон нөмірлері балабақшада көрінетін жерде орналасуы тиіс.

Өрт шыққан жағдайда мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің әрекеттері тәрбиеленушілердің, балабақша қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды эвакуациялауға бағытталуы тиіс.

Табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде дереу төтенше жағдайлар бөліміне хабарлау қажет.

Күдікті заттар табылған жағдайда «112» телефоны бойынша ішкі істер басқармасының кезекші бөліміне қоңырау шалу қажет. Құқық қорғау органдарының өкілдері келгенге дейін педагог қызметкерлер дереу қауіпті аймақтағы тәрбиеленушілерді эвакуациялауға және осы аймаққа бөгде адамдардың кіріп кетпеуін қамтамасыз етуге міндетті.

Мектепке дейінгі ұйымның сыртқы есігінің, аумақтан шығатын және шығатын қосалқы есіктердің баланың қолы жетпейтін биіктікте бекітпесі болуы және олар үнемі жабылуы тиіс.

Балабақшаның педагог қызметкерлері өз жұмыс орындарына жұмыс уақыты басталғанға дейін кемінде 10 минут бұрын келуге, топтың үй-жайларының, ойын алаңдарының қауіпсіздігі мен жабдықтардың жай-күйін, балалардың өмірі мен денсаулығына қауіпті және күдікті заттардың бар-жоғын тексеруі тиіс. Қауіпсіздік режимінің бұзылуы анықталған кезде дереу оларды жою бойынша шаралар қабылдауға, әкімшілікті хабардар етуге міндетті. Анықталған бұзылыстар жойылғанға дейін тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруға тыйым салынады.

Тәрбиеленушілерді таңертең қабылдағанда ата-аналардан тәрбиеленушінің көңіл-күйі туралы сұрау және оның денсаулық жағдайын қарау жүзеге асырылуы қажет. Тәрбиеленушінің ауырып тұрғаны байқалса балабақшаға жіберу туралы шешім қабылдау үшін медициналық

қызметкердің қарауына жіберіледі. Тәрбиеші тәрбиеленушілердің күні бойы денсаулығындағы барлық ауытқулар туралы ата-аналарды немесе заңды өкілдерді уақтылы хабардар етуге міндетті.

Тәрбиеленушінің ата - анасы немесе заңды өкілдері оны тәрбиешіге, ол болмаған жағдайда топ тәрбиеленушілерін қабылдауды жүзеге асыратын өзге де педагог қызметкерге тапсыруы тиіс.

Тәрбиеші ата-аналарға балалардың қалталарын үнемі бақылап отыруды айтуы, яғни олардың сіріңкелерді, дәрі-дәрмектер мен өткір заттарды және олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін басқа заттарды пайдалануын болдырмау үшін жұмыс жүргізуі тиіс.

Топқа сыртқы киіммен, ауыстырылатын аяқ киімсіз кіруге және бөгде адамдардың кіруіне тыйым салынады.

Тәрбиеші таңертең балаларды қабылдағаннан кейін сыртқы есіктерді жабуы керек.

Баланы мектепке дейінгі ұйымнан оның ата-анасы немесе заңды өкілдері алуы тиіс. Егер олардың баланы балабақшадан алып кете алмауының дәлелді себебі болса (ауруы, қызметтік іссапар, жұмыс кестесі және т.б.), онда ата-анасының немесе тәрбиеленушінің заңды өкілдерінің мектепке дейінгі ұйым басшысына берген өтініші негізінде өзге адамдар (жақын туыстары) жүзеге асыра алады. Тәрбиеленушілерді 16 жасқа толмаған жасөспірімдерге, алкогольдік немесе есірткілік мас күйдегі адамдарға беруге тыйым салынады.

Тәрбиешіге балаларды қараусыз қалдыруға тыйым салынады. Егер кетуге қажеттілік туындаса, тәрбиеші көмекшісіне қайда және қай уақытта кететінін ескертіп, өз істерін біраз уақытқа тоқтатуды және балаларға қарауды сұрауы керек. Тәрбиешінің жұмыс орнында болмауы мектепке дейінгі ұйымның басшысымен келісілуі тиіс.

Тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілерінің сыртқы келбеті балаларға үлгі болуы керек. Қызметкерлердің киімдері мен аяқ киімдері балаларды қарау, күтім

жасау, тәрбиелеу мен оқыту, дамыту, түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру бойынша функционалдық міндеттерін орындауға кедергі келтірмеуі тиіс. Өкшесі биік аяқ киім киюге тыйым салынады, қызметкерлерге тырнақты өсірудің, ұзын шашты жайып жіберудің қауіптілігін, педагогтердің киімдерінің жыл мезгілі мен ауа температурасына сәйкес келмеуін түсіндіру қажет.

Топтағы жиһаз, шкафтар, сөрелер, пианино, айналар, гүл қоятын тұғырлар құлап кетпес үшін және балалар жарақаттанбауы үшін (төбеге, қабырғаға немесе еденге) мықты бекітілуі керек.

Балалардың көз деңгейінде ілгектерді, шегелерді қағуға, топты безендіру үшін қағаз түйрегіштерді, тігін түйреуіштерін пайдалануға тыйым салынады.

Педагог инелерді, түйреуіштер мен қайшыларды, басқа да өткір және кесетін заттарды, шыны заттарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтауы керек.

Қауашақта өсетін гүлдерді баспалдақ бойына, киім ілетін шкафтарға және дәретханаға қоюға болмайды.

Серуенге шығар алдында тәрбиеші ойын алаңында балалар үшін қауіпті заттардың (құрғақ ағаштар, кесетін заттар, ашық шұңқырлар, құдықтар) болмауын тексеруі, ойынға арналған жабдықтардың қауіпсіздігіне көз жеткізуі; балалардың бейтаныс өсімдіктерді ауыздарына алмауын қадағалауы тиіс.

Ойын алаңындағы дене шынықтыру жабдықтарының жарамдылығын бақылау, жауапты тұлғаларға ақаулар туралы уақтылы хабарлау қажет.

Тәрбиешілер балабақша ғимаратының қабаттары арасындағы баспалдақтардан төмен түскенде және жоғары көтерілгенде тәрбиеленушілердің таяныштан ұстауын қадағалап, қауіпсіздікті сақтай отырып, ілесіп жүруі керек.

Серуен кезінде мектепке дейінгі ұйымның аумағына бөгде адамдар кіре алатын немесе балалардың өздері кездейсоқ көшелерге шығып кететін жағдайлар орын алмауы тиіс. Балабақшада қауіпсіздікті қамтамасыз

ету үшін оның аумағы дуалмен және жасыл желектермен қоршалуы керек. Қоршаудың биіктігі әртүрлі болуы мүмкін – бұл нормативтік актілерде көрсетілмеген.

Мектепке дейінгі ұйымның аумағында сыртқы жасанды жарықтандыру орнатылуы тиіс.

Балалар топта болған кезде терезелерді ашуға тыйым салынады; жазғы кезеңде терезелердің қорғаныш дәке жақтауы немесе москит торлары болуы керек.

Мектепке дейінгі ұйымның үй – жайларындағы электр сымдары оқшаулануы, электр құралдары тәрбиеленушілердің қолы жетпейтін жерде болуы тиіс.

Топта тұрмыстық электр құралдарын: шәйнектерді, үтіктерді және т. б.,

оқытудың техникалық құралдарын (магнитофон, проектор, ноутбук және т.б.) қажет болмаса ұзақ уақыт бойы розеткаға қосып қоюға тыйым салынады, ОТҚ-ын пайдаланып болғаннан кейін штепсель айырын қауіпсіздік техникасын сақтай отырып (қол құрғақ болуы керек), розеткадан ажырату қажет.

Балабақшадағы жауапты адамдар жиһаздың, төсек-орын мен ыдыс-аяқтың, шүберектің таңбалауының сақталуын қатаң бақылауға міндетті.

Жуу құралдары мен дезинфекциялау құралдары таңбаланған ыдыстарда тәрбиеленушілердің қолы жетпейтін жерде сақталуы тиіс.

Буы денсаулыққа қауіпті ерітінділерді немесе сұйықтықтарды топқа әкелуге тыйым салынады.

Топтағы балаларды емдеу үшін ата-аналардан немесе заңды өкілдерден дәрілер мен басқа дәрі-дәрмектерді алуға қатаң тыйым салынады. Ата-аналардың немесе заңды өкілдердің дәрі-дәрмектерді балалардың шкафтарында қалдыруына жол берілмеуі тиіс.

Тәрбиеші ата-аналардан немесе заңды өкілдерден балаларға арты жабық аяқ киім кигізуді талап етуі тиіс. Үйде киетін шәркей мен аяқ киім киюге тыйым салынады. Тәрбиеші әрдайым балалардың аяқ киімдерінің бауы байланғанына және

ілгектерінің салынғанына көз жеткізуі керек.

Тәрбиешілер карантиндік шараларды қатаң сақтауы және олардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

Тәрбиеші топтың ішіне жеке заттарын қоймауы керек, өзінің жұмыс орнын таза ұстауға, барлық кіретін есіктерге еркін кіріп-шығуды қамтамасыз етуге міндетті.

ТАМАҚТАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Тәрбиеші мен тәрбиешінің көмекшісіне топ бөлмелеріне қайнаған су әкелуіне тыйым салынады.

Дәліздер мен баспалдақтарда балалар болмаған кезде асханадан тағамдарды әкелу керек.

Ауыз су ішу тәртібін ұйымдастыру үшін тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану қажет.

Қайнаған суды ауыстыру кестесін сақтау.

Ата-аналардан балабақшада балалардың тамақтану рационында көзделмеген өнімдерді (торттар, бәліштер және т.б.), әсіресе дайындау мерзімі көрсетілмеген тағамдарды алуға тыйым салынады.

Тамақтанып болғаннан кейін тәрбиеленушілердің ауызды шаюын

ұйымдастыру керек. Балаларға аузындағы тамақ, сағыз, кәмпіттер және т.б. ұйықтауға жол бермеу, осы мақсатта әр баланың ауыз қуысын ұйқыға жатқызу алдында тексеру.

Тамақтану кезінде тәрбиеленушілердің үстел басында дұрыс отыруын және ас құралдарын пайдалануын қадағалау қажет.

Жарақаттануды болдырмау үшін ас ішетін және сусын ішетін ыдыстарда жарықтар мен сынықтар болмауы керек. Ыдыс сынған жағдайда тәрбиеші балаларға сынықтарға қол тигізуге рұқсат бермеуі, оларды ересектер жинап алатынын айтуы тиіс.

Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескеру (оның ішінде олардың жекелеген азық-түлікті және тағамды ішпейтінін).

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен ұйымдастыруда тәрбиешілер соқтығысуды, құлауды, дау-жанжалдарды, жарақаттарды болдырмайтын түрлі балалар әрекеттерін өткізуі керек.

Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері тәрбиеленушілерді балабақшада, көшеде, тұрмыста, табиғи және төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық негіздерімен таныстыруға міндетті.

Спорт залында және серуенде ірі спорт жабдықтарын пайдалана отырып, балалардың қимыл әрекетін ұйымдастыру кезінде, сондай-ақ бассейнде тәрбиешілер

балаларды құлаудан, жарақаттанудан сақтандыруды қамтамасыз етуі тиіс.

Психологиялық жайлылық орнату (қарым-қатынастың демократиялық стилі, әрекетті еркін таңдау үшін жағдай жасау, оқшаулану орындардың болуы, топқа ата-аналардың еркін кіру мүмкіндігі).

Тәрбиеші тәрбиеленушілермен дене шынықтыру және музыка ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізген кезде қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жәрдемдесуге міндетті.

Педагогтерге балаларға қандай да бір тапсырма беріп, топтан тыс жерлерге қараусыз жіберуге тыйым салынады.

Тәрбиеленушілермен тәрбиелеу-білім беру процесін өткізу кезінде тәрбиешіге санитарлық-гигиеналық, дидактикалық, эстетикалық талаптарға сәйкес келетін берік, ыңғайлы демонстрациялық және үлес-тірмелі материалдарды қолдану, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022

жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес жайлы және қауіпсіз заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру үшін ойын, шығарма-шылық, даму аймақтарын дербес анықтау қажет.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Шығармашылық әрекетті бастамас бұрын тәрбиеші барлық балаларды назарда ұстауы, тәрбиеленушілерге қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы ескертуі тиіс.

Тәрбиеші шығармашылық әрекет кезінде пайдаланылатын қайшылардың ұштары доғал болуы керек екенін бақылауы керек. Балаларды қайшымен қауіпсіз жұмыс істеуге үйрету.

Педагог таңертең пісіріліп, салқындатылған крахмал желімін немесе ұнды қолдануы қажет.

ПВА желімін пайдалануға болмайды.

Жұмыс аяқталғаннан кейін тәрбиеші балаларға өзінің жұмыс орнын ретке келтіруді, шығармашылық әрекетте қолданылған материалдарды, жабдықтарды арнайы бөлінген орындарға жинауды ескертеді. Қарындаштарды көлденеңінен қою, сонымен қатар балалардың қарындашты қалай ұстайтынына назар аудару керек.

Бояулармен және қылқаламдармен жұмыс жасағанда тәрбиеленушілерге суды шыны ыдысқа құймауды ескерту.

ОЙЫН ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Ойын әрекетін ұйымдастыру кезінде тәрбиеші балалардың ойыншықтарды, текшелерді бір-біріне лақтыруына, жүгіруге, секіруге, бір-бірін итеруіне жол бермеуі тиіс, ойын кезінде орындықтар мен үстелдерге тұруға, үстелдердің астымен еңбектеуге болмайтыны және ойын ережесін сақтау керек екенін айтуы қажет.

Балалардың арасында дау-жанжал туындаған жағдайда тәрбиеші араласып, оларға дау-жанжалдан аулақ болуға тырысу, тату ойнау керектігін түсіндіруі керек.

Үйден әкелген заттарды: шыны, өткір

немесе кесетін заттарды, сіріңкелерді, оттықтарды, дәрі-дәрмектерді және т.б. балалардың ойындарда пайдалануына рұқсат етпеуі тиіс.

Тәрбиеші ойын әрекеті кезінде тәрбиеленушілерге:

- үстел үсті ойындарын пайдаланғаннан кейін қораптарға салу және орнына қоюды;

- ойынның бөлшектерін және басқа да ұсақ заттарды алуға болмайтынын;

- топ бөлмесінде қимылды ойындар өткізген кезде тек тәрбиеші анықтаған аумақты пайдалануды ескертуі қажет.

ЕҢБЕК ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Балабақшаның топтары мен учаскелерінде баланың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ететін жағдайлар жасалуы керек:

- балалар пайдаланатын үстелдер, орындықтар, басқа да жиһаздар мен жабдықтар олардың өсу көрсеткіштеріне (бойларына) сәйкес келуі керек;

- барлық шкафтар мен сөрелер мықты бекітілуі керек. Жабдықтар, материалдар, керек-жарақтар құлау мүмкіндігін болдырмайтындай, олардың толық қауіпсіздігі мен беріктігін ескере отырып орнатылуы тиіс;

- балалардың дербес еңбек әрекетінде пайдаланылатын құралдарды биіктігі баланың көз деңгейінен аспайтын сөрелерде және шкафтарда орналастыру қажет;

- аквариумдар, тордағы жануарлар және табиғатбұрышындағы бөлме өсімдіктері бала еденде тұрып оларға күтім жасай алатындай етіп орналастырылады; өсімдіктерді суару кезінде балалардың киіміне, жеңдеріне су ағып кетпеуі үшін су құйғышты кеудесінің деңгейінен төмен ұстауы керек.

Құралдарды қолданумен байланысты балалардың кез-келген еңбек әрекеті тек педагогтің тікелей бақылауымен жүзеге асырылады.

Балалардың қолдан бұйымдар жасауы үшін табиғи, қалдық және басқа материалдарды таңдағанда, тәрбиеші үнемі олардың қауіпсіздігін ескеруі тиіс, өткір, кесетін шөптерді, улы жидектерді, саңырауқұлақтар мен өсімдіктерді, қатты сымды, сынған шыныны, күкірті бар сіріңке шилерін және т.б. алмауы қажет.

Тәрбиеші балаларға ұсынылатын жұмыстың тиімділігін, сонымен қатар қолдан қандай бұйымдар жасауға болатынын ойластырып, толық аяқталмаған балалар жұмыстарының көп жиналуын болдырмау керек.

Асхана және табиғат бұрышы бойынша міндеттермен байланысты тапсырмаларды

орындау кезінде балалар ас блогына тек қана ересекпен бірге бара алады; балалардың ыстық тамақты, суды және басқа да ыстық заттарды алып жүруіне қатаң тыйым салынады.

Балаларды инфекция жұқтыру қаупі бар жұмысқа тартуға қатаң тыйым салынады (унитаздарды жинау, кір киім-кешектерді, тұрмыстық қалдық заттарды жинау және т.б.).

Балаларды от жағуға, құрғақ жапырақтар мен қоқыстарды жағуға тартуға болмайды.

Барлық жабдықтар, құралдар мен материалдар ұқыпты, ыңғайлы орналастырылуы, таза және жабық ыдыстарда жарамды күйде сақталуы тиіс.

Тәрбиеші балалардың еңбек әрекеті үшін қажетті жағдайлар жасайды, оларға әртүрлі материалдар мен құралдармен жұмыс істеу дағдыларын үйретеді, балалардың еңбек әрекеті процесінде мінез-құлық ережелерін меңгеруін және орындалуын қамтамасыз етеді. Балалар мынадай талаптарды білуі және қатаң сақтауы керек:

- тапсырылған жұмысты тек осы еңбек түрі үшін бөлінген орындарда ғана орындау;

- жұмысқа кіріспес бұрын алжапқыш пен басқа да арнайы киім кию, жеңді түру және қолды жуу, қажет болса, шашты жинау;

- берілген тапсырмаға сәйкес жұмыс орнын дайындау: қажетті материалдар мен құралдарды ұқыпты, ыңғайлы және ретімен орналастыру, олардың жұмыс істеуге жарамды екеніне көз жеткізу;

- еңбек әрекеті кезінде үнемі өзінің жұмыс орнында тазалық сақтау, оның қоқыстануына жол бермеу;

- тәрбиеші көрсеткен ережелер мен тәсілдерді қолдана отырып, құралдар-жабдықтарды тек олардың тікелей міндеті бойынша пайдалану. Дербес әрекет үшін қажетті құралдарды тек тәрбиешінің рұқсатымен алуға болады;

- алаңдамай, мұқият жұмыс істеу, қолындағы құралдармен жүрмеу және басқа балаларға кедергі жасамау;

- жұмыс аяқталғаннан кейін құрал-жабдықтардың жай-күйін тексеру, оны тазарту, орналастыру және жинау. Жұмыс орнын сыпырғыштың, щетканың және дымқыл шүберектің көмегімен ретке келтіру

керек. Содан кейін қолды мұқият жуу, жұмыс киімдерін жинау, киімді түзету;

- шамалы жарақат алған, денесі көгеріп немесе қолын жырып кеткен жағдайда дереу тәрбиешіге айту.

СЕРУЕНДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ

Серуенге шықпас бұрын тәрбиеші қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін аумақты тексеруі керек.

Педагог балалардың балабақшадан баяу шығуын және баспалдақтан түсуін бақылауды қамтамасыз етеді.

Тәрбиешінің көмекшісі балаларды серуендеуге және кері қайтаруға еріп жүруі керек. Тәрбиеші барлық балаларды көз алдында ұстауы, балаларды бақылап, қажет болған жағдайда көмекке келуі керек.

Тәрбиешінің міндеттеріне температураны және ауа-райымен температуралық жағдайға сәйкес балалардың киімін бақылау мен балалардың бас киімінің болуын қамтамасыз ету кіреді.

Шөп, асфальт немесе құммен жалаң аяқ жүруге тәрбиеші аумақты қауіпсіздік тұрғысынан тексергеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

Жыл сайын көктемде ойын алаңдарында құмды толық ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Жазда құм жәшігіндегі құм күнделікті қазылып, қайнаған сумен күйдірілсе ғана құммен ойнауға рұқсат етіледі.

Тәрбиеші белгіленген режимді, серуендеу ұзақтығын және балалардың іс-әрекетінің (ойын, еңбек) өзгеруін сақтауы керек. Балалардың серуендеу, ойын және еңбек кезінде шамадан тыс жұмыс істеуін, қызып кетуін және гипотермиясын болдырмау үшін серуендеу жоспарына байланысты

балалар әрекетінің түрлерін қимылдыдан аз қимылдыға ауыстыру қажет.

Сырғанақпен, мұз жолымен сырғанау, тербелу, өрмелеу, биіктіктен секіру, спорттық құрал-жабдықтар, лақтыру, скутер, шаңғы, велосипед тебу және т.б. кезінде тәрбиеші сақтандыруды және бақылауды қамтамасыз етуі керек.

Тәрбиешіге су айдындарының жанында, жол жиегіне жақын жерде ойын өткізуге, бір уақытта бір ойын алаңында екі жас тобының балалары үшін серуендеуді ұйымдастыруға немесе өткізуге тыйым салынады. Серуен кезінде тәрбиешіге балаларды қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

Тәрбиеші балалардың жеке гигиена талаптарын сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді (лас заттарды ұстауға, қарды, мұзды ауызға салуға, бір-біріне құм немесе топырақ лақтыруға тыйым салынады).

Егер бала серуеннен рұқсатсыз кетіп қалса, мұғалім бұл туралы меңгерушіге, ата-анасына (заңды өкілдеріне), ішкі істер бөліміне дереу хабарлауға міндетті. Баланы іздестіруді ұйымдастыру, белгілерін атау: сыртқы келбеті, жасы, киімін сипаттау.

Оқыс оқиға болған жағдайда тәрбиеші балаға алғашқы медициналық көмек көрсетуі, бұл туралы дереу меңгерушіге, медбикеге, ата-аналарға (заңды өкілдерге) хабарлауға, қажет болған жағдайда дәрігерді шақырып, баланы ауруханаға жеткізуге міндетті.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ АУМАҒЫНДА ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Мектепке дейінгі ұйымның басшысы мен шаруашылық меңгерушісі балабақшаның аумағында орналасқан жабдықтарды (шағын нысандар, дене шынықтыру құралдары және т.б.) жылына екі рет міндетті түрде (қажет болған жағдайда – жиі) жарамдылығын қарап, тексеру актілерін жасайды.

Сонымен қатар, тәрбиешілер күн сайын серуендеу алаңдарындағы жабдықтардың жайын тексеріп отыруы тиіс: олар ұшты бұрыштарсыз, шегесіз, кедір-бұдырсыз, шығыңқы бұрандасыз болуы тиіс, учаскелердегі жабдықтар мықты бекітілуі керек; сырғанайтын төбешіктер, баспалдақтар орнықты болуы керек, бала жеңіл құлауы үшін берік тақтайша мен амортизациялық беттер, таяныштар балалардың жасына және санитарлық нормаларға сәйкес келуі керек.

(Анықтама үшін: «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»

санитариялық қағидаларына сәйкес (2021 жылғы 9 маусымдағы № ҚР ДСМ-59 бұйрығы) балабақша аумағының қоршауы болуы тиіс. Балалардың әрбір жас топтары үшін жеке ойын алаңдары қарастырылуы керек. Мектепке дейінгі ұйым алаңдарының көлемдері балалардың санына қарай бір орынға кемінде 4 шаршы метр (бұдан әрі – м²) қабылданады. Әрбір ойын алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғау үшін үш жағынан қоршалған кемінде 20 м² көлеңке қалқа көзделеді. Көлеңке қалқалардың едені ағаштан болуы көзделеді).

Көктемгі-күзгі кезеңде жаңбырдан кейін жиналған суды серуенге шығар алдында тазарту; қоқысты жинау; бұталарды сәнді кесу бойынша шаралар жүргізіледі.

Қысқы кезеңде серуен басталар алдында барлық құрылыстардың шатырын қардан және сүңгілерден, балалар алаңдарын, жолдарды қардан және мұздан тазарту, құм себу бойынша жұмыс жүргізіледі.

МУЗЫКА ЖЕТЕКШІСІНЕ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Музыка залына барған кезде педагогтер тәрбиеленушілермен бірге жүруі керек.

Музыка жетекшісі тәрбиеленушілерге музыка залында өзін қалай ұстау керектігін және музыкалық аспаптарды қалай пайдалану керектігін еске салады:

- музыка залында жүгіруге, секіруге, шулауға болмайды;

- басқа балалар шалынып қалмас үшін орындықтарда тербеліп, аяқты алға созуға болмайды;

- музыка залында ауыр заттарды (орындықтар, жабдықтар, әшекейлер) жылжытуға болмайды;

- музыкалық аспаптарды тек музыка жетекшісінің рұқсатымен ғана пайдалануға болады;

- құралдарды еденге, терезеге, қабырғаларға, айналарға немесе бір-біріне лақтыруға, оларды басуға болмайды.

Музыка жетекшісі тәртіпті сақтауға және жұмыс орнын бөгде заттармен араластырмауға міндетті.

Электр құрылғыларымен жұмыс істегенде қауіпсіздік шараларын сақтау керек.

Салауатты микроклиматты сақтау үшін музыка жетекшісі бөлмені желдетіп отыру керек.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер мектепке дейінгі ұйымның жұмыс кестесіне сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына негізделіп өтуі тиіс.

Техникалық оқыту құралдарын пайдалану нұсқауларын меңгергеннен кейін ғана қолдану қажет.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерге декорацияларды, көрнекі құралдарды, дидактикалық материалдарды жасағанда музыка жетекшісі балалардың денсаулығы мен өміріне зиян келтіретін улы заттарды, шыныларды, сымдарды, инелерді және т.б. қолданбағаны жөн.

Түрлі іс-шараларды өткізу кезінде музыка жетекшісі костюмдердің, әшекейлердің және жабдықтардың тесетін және кесетін

заттардың бар-жоғын, бекітудің сенімділігін және оларды пайдалануға қауіпсіздігін тексеруге міндетті.

Педагог тәрбиеленушілерге асықпай, тәртіппен музыка залынан шығуды ескертеді.

Жұмыстың соңында музыка жетекшісі электр құрылғыларын электр желісінен ажыратып, жұмыс орнын ретке келтіріп, бөлмені желдетіп, терезелерді жауып, жарықты өшіруі қажет.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ НҰСҚАУШЫСЫНА БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Спорт залға тек тәрбиешінің еріп жүруімен келіп, қайту керек.

Педагогтер спорт залға спорттық киімде және ойыншықсыз келу керектігін еске салады.

Дене шынықтыру нұсқаушысы жаттығуларды орындау кезінде барлық талаптарын мұқият тыңдап, орындау қажеттігін түсіндіру керек.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кезінде дене шынықтыру нұсқаушысы балаларға жаттығу залында қауіпсіздікті сақтау қажеттілігі туралы әңгімелейді:

- гимнастикалық қабырғаға баяу көтерілу және түсу;

- соқтығысуды болдырмау үшін жүгіру кезінде кенет тоқтамау;

- жаттығуларды орындау кезінде қауіпсіз арақашықтықты сақтау.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кезінде дене шынықтыру нұсқаушысы балалардың:

- жаттығуларды орындау кезінде сөйлесуге болмайды, өйткені тіліңізді тістеп алуыңыз мүмкін;

- қимылды ойындар кезінде бір-бірін итермеу керек;

- спорттық құрал-жабдықпен балалар ойнап жүрсе, оған жақындамаңыз, бірақ сіз өз кезегіңізді шыдамдылықпен күтіп немесе олармен уақытты келісуіңіз керек;

- спорттық құрал-жабдықтар үстінде бір-бірін итермеу;

- спорттық құрал-жабдықтарды рұқсатсыз алмау;

- ересек адамның рұқсатынсыз спорттық құрал-жабдықтарды жылжытуға болмайтындығын естеріне салу керек.

Егер балалар спорттық құралдардың немесе жабдықтардың қандай да бір ақауларын байқаса, олар дене шынықтыру нұсқаушысына немесе тәрбиешіге хабарлауы керек.

Педагогтер тәрбиеленушілерге ұйымдастырылған іс-әрекеттердің соңында спорт залынан сабырлы қадаммен шығып, бір-бірден сапқа тізіліп, дүрбелең тудырмау, итермеу керектігін еске салады.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Төтенше жағдайлар кезінде (өрт, жер сілкінісі, су тасқыны) үрейленбеу керек.

Әр тәрбиешінің міндеті – өзінің тобындағы балаларды құтқару, содан кейін

мектепке дейінгі ұйым меңгерушісіне немесе әдіскерге нәтижелері туралы айту. Олардың барлық нұсқауларын нақты орындау өте маңызды. Әрбір тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығына жауап беретінін түсінуі керек.

Эвакуациялық кіретін және шығатын есіктердің алдында қажетсіз заттар үйіліп жатпауы тиіс. Есіктерді ішкі жағынан оңай ашылатын бекітпенің көмегімен жабулы күйде ұстау керек. Өрт бөлмеге енген жағдайда терезелерді ашуға болмайды, өйткені өкпек желден қатты өрт болуы мүмкін.

Тәрбиеші балаларға жанып жатқан үй-жайлардан жылдам шығу үшін мұрын мен ауызды дымқыл шүберекпен жауып, төрт тағандап, шығатын есікке қарай жылжу керектігін түсіндіреді. Егер өрт кезінде баланың киімі жанып кетсе, оны дымқыл шүберекпен орап, оттегінің енуін тоқтату үшін матаны денеге басу керек. Ешқандай жағдайда киімді сөндіру үшін өрт сөндіргішті қолдануға болмайды, өйткені қосымша химиялық күйіктер алуы мүмкін. Жанып жатқан үй-жайлардан балаларды

іздеу балабақшаның барлық бөлмелері тексерілген жағдайда ғана тоқтатылады.

Өрт кезінде тәрбиеленушілер ойын алаңына шығарылып, меңгерушіге немесе ол болмаған жағдайда үй-жайдан эвакуациялау нәтижелері туралы әдіскерге хабарланады.

Тәрбиеші балаларға төтенше жағдайда (жер сілкінісі, су тасқыны) дереу тәрбиешіге немесе тәрбиешінің көмекшісіне жүгіну керектігін түсіндіреді. Кереуеттердің, үстелдердің, шкафтардың артына тығылуға, басқа бөлмелерге қашуға т.б. болмайтындығын, бұл ересектердің сізді тез тауып, құтқаруына бөгет болатындығын түсіндіру керек. Тәрбиеші мен тәрбиеші көмекшісінің барлық нұсқауларын орындау қажет.

Электр қазандықтары мен шәйнектер балалар бар топтарда пайдаланылмауы керек, сондай-ақ макулатура қоймалары немесе жанғыш металдар мен құрылыс материалдары тұрғын емес үй-жайларда сақталуы керек. Жабық кеңістікте отшашуларды, шамдарды жағуға болмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;*
2. *Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР ОАМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйырығы);*
3. *Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын құралдармен және жиһаздармен жабдықтау нормалары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қантардағы №70 бұйырығы);*
4. *«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР ДСМ 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйырығы);*
5. *Кеден одағының техникалық регламенті, ТРКО 008/2011 «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы»*

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдардың электрондық нұсқасын келесі сітемеден жүктеп алу ұсынылады
https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/03/doc2_03kz.pdf

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ БЕЗОПАСНОСТИ ВОСПИТАННИКОВ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ

*Разработана на базе РГУ «Института раннего развития детей»
Министерства просвещения Республики Казахстан*

В современном мире никто не застрахован ни от техногенных катастроф, ни от стихийных бедствий. Сегодня сама жизнь доказала необходимость обучения не только взрослых, но и детей дошкольного возраста основам безопасности жизнедеятельности. Ведь в условиях социального, природного и экологического неблагополучия естественная любознательность ребенка в познании окружающего мира может стать небезопасной для него.

Поэтому необходимо сформировать у ребенка сознательное, самостоятельное и ответственное отношение к личной безопасности и безопасности окружающих, воспитывать готовность к эффективным, обоснованным действиям в неадекватных ситуациях.

Основная задача, это вложить в сознание детей мысль о том, что поведение на улице, на дорогах, в общественном транспорте, на природе, при обращении с огнем и т.п. требует неукоснительного повиновения правилам безопасности, то есть – послушания им.

Обучение детей дошкольного возраста основам безопасного поведения в дошкольных организациях, при стихийных и чрезвычайных ситуациях предполагает целенаправленную комплексную работу по формированию у них осознанного поведения в опасной ситуации. Проблема безопасности жизнедеятельности признается во всем мире и считается одной из наиболее важных проблем, требующих решения. Каждый человек, и взрослый, и ребенок в любой момент может оказаться в чрезвычайной ситуации, столкнуться с

опасностью. Техногенные и экологические катастрофы, террористические акты, военные конфликты, рост преступности, социальная и экономическая нестабильность особенно остро сказываются на детях.

Актуальность данной работы обусловлена тем, что дошкольный возраст является важным этапом в становлении личностного опыта ребенка, именно в этот период начинает складываться и опыт безопасного поведения, следовательно, должна осуществляться подготовка детей к безопасному существованию в окружающей среде.

Цель Методических рекомендаций: оказание методической помощи педагогам дошкольных организаций по обучению детей дошкольного возраста основам безопасного поведения при стихийных бедствиях, чрезвычайных ситуациях, контактах с посторонними людьми.

Данный материал является инструкцией для педагогов дошкольных организаций по обеспечению безопасной образовательной среды.

Санитарные правила «Санитарно-эпидемиологические требования к дошкольным организациям и домам ребенка» (приказ МЗ РК от 9 июня 2021 года № ҚР ДСМ-59)

п. 9 «...не территории предусмотрены отдельные игровые площадки для каждой возрастной группы детей. Размеры площадок дошкольной организации принимаются не менее 4 м² на одно место от количества

детей. На каждой игровой площадке предусматривается огражденный с трех сторон тентовый навес не менее 20 м² для защиты от солнца и осадков. Пол тентовых навесов предусматривается деревянный».

п.28 «При эксплуатации объектов территория имеет ограждение, без повреждений.»

п.48 «На территории объектов устанавливаются наружное искусственное освещение.»

п. 128 «Ежедневно в каждой возрастной группе проводится утренний осмотр детей.»

п.139., пп) 9 «..использование для организации прогулок игровых площадок с ограждением на придомовой территории (допускается организация прогулок по графику);»

3. Типовые правила деятельности дошкольных организаций (приказ МП РК от 31 августа 2022 года №385)

п. 2 «Задачами дошкольных организаций являются:

1) охрана жизни и здоровья воспитанников дошкольного возраста;»

Правила пожарной безопасности (приказ МЧС РК от 21 февраля 2022 года №55)

п.200 «...С учащимися начального образования, а также в дошкольных организациях проводятся беседы по противопожарной тематике.»

п.207 «В зданиях детских организациях группы (классы) детей дошкольного и начального школьного возрастов размещаются не выше третьего этажа.»

п.208. «При расстановке мебели и оборудования в классах, кабинетах, мастерских, спальнях, столовых и остальных помещениях обеспечиваются беспрепятственная эвакуация людей и подход к средствам пожаротушения.»

п.209. «В учебных классах и кабинетах размещаются только необходимые для обеспечения учебного процесса мебель, приборы, модели, принадлежности, пособия,

которые хранятся в шкафах, на стеллажах или стационарно установленных стойках.»

п.210. «Число парт (столов) в учебных классах и кабинетах не должно превышать количество, установленное проектной документацией.»

п.211. «По окончании занятий в кабинетах, лабораториях и мастерских легковоспламеняющиеся и горючие жидкости убираются в негорючие шкафы (ящики), устанавливаемые в отдельных помещениях.»

п.213 «В организациях образования и дошкольных организациях с круглосуточным пребыванием детей устанавливается круглосуточное дежурство.»

5. Инструкция по организации антитеррористической защиты объектов, уязвимых в террористическом отношении, осуществляющих деятельность в области образования Республики Казахстан (приказ МОН РК от 30 марта 2022 года №117)

п.79 «Объекты второй группы дополнительно к техническому оснащению, предусмотренные пунктом 78 настоящей Инструкции, оснащаются системами контроля и управления доступом (турникеты), для дошкольных организаций образования применяется домофонная система.»

6. Стандарты и требования к оснащению организаций дошкольного и среднего образования системами видеонаблюдения (совместный приказ МОН РК от 23 января 2019 года №32 и МВД РК от 23 января 2019 года №49)

п.7. «В организациях дошкольного и среднего образования, системой видеонаблюдения оборудуются:

1) периметр территории, прилегающий к организации;

2) главные и запасные входы;

3) помещения (места) массового скопления людей;

4) другие помещения по усмотрению руководителя (собственника) организации образования.»

РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ БЕЗОПАСНОСТИ ВОСПИТАННИКОВ В ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ И НА ЕЕ ТЕРРИТОРИИ

Каждая дошкольная организация независимо от формы собственности и ведомственной подчиненности должны выполнять Рекомендации по обеспечению безопасности воспитанников (далее - Рекомендации).

Данные Рекомендации разработаны в соответствии с действующими нормативными правовыми актами и направлены на единую политику республики в части обеспечения безопасности детей в дошкольных организациях.

В обычных обстоятельствах ответственность за жизнь и здоровье детей несут их родители, но во время пребывания их в детском саду эта обязанность переходит на администрацию и воспитателей дошкольной организации. Безопасность детей в детском саду – это создание и поддержание такой среды, когда ребенку ничего не угрожает – в самом детском саду, на его территории, детской площадке.

Администрация и воспитатель дошкольной организации несет персональную ответственность за охрану жизни и здоровья каждого ребенка, пришедшего в группу, осуществляет контроль за безопасным поведением детей во все режимные моменты, уделяя особое внимание предотвращению травмирования.

Воспитательно-образовательный процесс в дошкольной организации необходимо организовать в соответствии с нормативными правовыми документами, регламентирующие систему дошкольного воспитания и обучения.

К организации воспитательно-образовательного процесса в дошкольной организации допускаются педагогические работники, имеющие педагогическое или иное профессиональное образование по соответствующему профилю и осуществляющие профессиональную деятельность педагога по обучению и

воспитанию воспитанников.

Подготовка кадров по направлению и специальности «Дошкольное воспитание и обучение» ведется в 39 вузах и 119 колледжах. Для единства теории и практики в подготовке кадров обеспечивается взаимодействие вузов и колледжей с дошкольными организациями по вопросам раннего развития детей. Колледжи совместно с дошкольными организациями разрабатывают образовательные программы на основе профстандарта «Педагог» с учетом региональных особенностей и самостоятельно обновляют учебные программы и планы.

Образовательные программы педагогических факультетов вузов и колледжей предусматривают подготовку кадров по действующим нормативным правовым актам, обеспечивают методическую базу для реализации программ воспитания и обучения.

В рамках реализации Модели развития дошкольного воспитания и обучения разработана 41 образовательная программа курсов повышения квалификации, которыми охвачено более 15 тысяч педагогов дошкольных организаций. Изменены подходы к проведению курсов повышения квалификации, при котором предоставляется «Портфель слушателя курса» с едиными дидактическими и методическими

материалами.

При методических кабинетах созданы мобильные группы, в деятельность которых входят следующие функции:

- оказание методической помощи педагогическим работникам дошкольного воспитания и обучения в реализации образовательных программ, методических материалов, методов обучения, развития и воспитания детей дошкольного возраста, в организации и управлении образовательным процессом, его психологическом сопровождении;
- предоставление педагогам возможности повышения профессиональной компетентности через различные формы организации методической работы;
- создание условий педагогам дошкольного воспитания и обучения для ознакомления с опытом работы педагогического коллектива и отдельных педагогов.

Повышается престиж профессии, улучшены условия труда и расширены права и возможности педагогов. С 1 сентября 2022 года педагоги дошкольных организаций отошли от часовой нагрузки, снижена отчетность до трех документов.

С целью повышения статуса педагога и материального стимулирования их труда ежегодно проводится республиканский конкурс «Лучший педагог».

По поручению главы государства с января 2020 года по январь 2023 года заработная плата воспитателей ежегодно повышалась на 25%. С 1 сентября 2023 года заработная плата повысилась еще на 30%.

С 2023 года сокращен срок прохождения курсов с 5 лет на 3 года.


Более 20 тыс. педагогов ДО прошли курсы повышения квалификации.

Министерством просвещения совместно с Министерством науки и высшего образования ведется работа по реформированию педагогического образования через использование компетентностной модели в образовательной программе; развитие

академической мобильности студентов; внедрение нового формата практики; синхронизацию содержания и разработку интегрированных педагогических образовательных программ ТиПО и высшего образования; создание консорциумов и т.д.

Тем самым, педагог сегодняшнего дня - фасилитатор процесса развития и обучения ребенка. Педагоги новой модели являются агентами изменений в организациях образования и меняются от организатора

воспитательно-образовательного процесса к роли фасилитатора процесса развития и обучения ребенка. Педагог постоянно читает, развивается, проводит исследования, наблюдает за процессом развития детей, слушает и слышит детей, задает вопросы, ищет доказательства, критически анализирует их и проводит творческие эксперименты, размышляет о своей повседневной деятельности.





Шахбергенова Жазира Жидебайқызы,
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақай ауылы
№ 19 «Балдәурен» бөбекжай-бақшасының психологі

БАЛА ДАМУЫНДАҒЫ ОЙЫННЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып, ойынды дұрыс бағытта қолдану мәселесі қарастырылған. Ойын – мектепке дейінгі балалар өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде зерттеулер жүргізген көрнекті психологтар мен педагогтардың еңбектеріне шолу жасалған. Ойынның барлық уақытта қоршаған шындықты білудің, әртүрлі білім мен дағдыларды игерудің ең жақын және табиғи тәсілі ретіндегі маңызын тәжірибемен байланыстыра отырып талдау жасалды.

Түйін сөздер: ойын әрекеті, қарым-қатынас дағдылары, психологиялық ерекшеліктерін, келісім, субъективті, тұлғааралық қарым-қатынас, сөйлеу этикеті, эмоционалды, тілдік қарым-қатынас ортасы, жетекші іс-әрекет, темперамент, мінез, эмоция.

Әр саладағы ғылымды меңгеру әдетте сол ғылымның пайда болуы мен дамуы, оның зерттейтін проблемаларын анықтап, түсінуден бастау алады. Шынығында да, әр ғылым саласы өз тарихына, зерттелуге тиіс және сол ғылымның теориялық негізін түсінуге жәрдемдесетін табиғи немесе қоғамдық құбылыстардың нақты аймағына ие. Бұл тұрғыда көпке мәлім «Барша заттың бастауын тапсаң, көп нәрсе түсінерсің»-деген қанатты сөзде терең мағына бар. Олай болса, балалар бақшасында бастау алатын тәрбиенің негізі – баланың жас шамасына қарай қарапайым білім негіздерін тілдік дағдыны ойын арқылы қалыптастыру, ой-өрісін кеңейту, жеке басын дамытуы мен іске асыруда әлі де кезек күттірмейтін өзекті мәселелер көптеп саналады.

Сондықтан да, психологиялық тұрғыдан баланың тілдік дағдыларын дамытудағы ойынның маңызын анықтауда оның қысқаша

болса да, туындау және даму тарихымен, ол зерттейтін проблемаларды анықтап, түсінуден бастаған жөн деп білемін. Мектеп жасына дейінгі бала тілін дамыту үшін баланың психологиялық ерекшелігін жақсы білу керек. Өйткені бала психологиясын білмей, баламен жұмыс жасап, одан нәтиже шығару мүмкін емес дейді ғалымдар. Содан болар балалардың тілін дамыта отырып тәрбиелеу мәселесін зерттеу үшін, алдымен танымал психолог-ғалымдардың пікірлерін анықтап, тұжырымдарына сүйенгенді дұрыс көрдім.

Қазіргі ғалымдардың көпшілігі ойынды қоғамның дамуының белгілі бір сатысында қалыптасқан қызметтің ерекше түрі деп түсіндіреді. XX ғасырдың басында зерттеушілер адамзат тарихында бірінші пайда болған еңбек пе, әлде ойын ба деген сұрақтың жауабын табуда ортақ шешімге келген жоқ. Ойын еңбектен бұрын пайда болған деген тұжырымдар да айтылды.

Алғаш рет «ойын – бұл еңбектің туындысы» деген қарама-қарсы тұжырымын неміс психологы және философы В.Вунд ұсынды, кейінірек бұл көзқарасты орыс философы Г.В. Плеханов өзінің «Адрессіз хат» деген еңбегінде ары қарай дамытты (1912).

Психолог-ғалым Ә.Алдамұратов сәби жастан бастап, баланың өсуі, дамуын үш кезеңге бөледі: алғашқы саты сөйлеуге дейінгі кезең. Бұл кезең баланың екі айлығынан он бір айға дейінгі сатысы деп аталады. Екінші саты баланың алғашқы тілінің шығу кезеңі – он бір айдан 1 жыл 7 айға дейінгі аралық. Үшінші сатыда бала тілдің грамматикасын меңгере бастайды. Бұл үш кезең үш жасқа дейінгі уақытты қамтып, бала сөздерінің мән-мағынасын және қолданылуын, жеке сөздерді түсіне алатын болады. Бала тілінің дамуы оның дүниетаным шеңберін кеңейтіп, сөйлеу тілін дамытады деп атап көрсеткен болатын.

П.И. Иванов өзінің «Жалпы Психология еңбегінде» бала тілінің туған кездегі гуінен бастап, 7 жасқа дейінгі дамуын өте жақсы сипаттаған. Демек, бала балабақшаға келгенде сөздік қоры аз болатыны, сондықтан балабақшада баланы сөздерді дұрыс айтуға тәрбиелеу қажеттігі айтылады. Бала тілінің дамуы оймен тығыз байланысты екендігі ғылымда өте ерте кезден дәлелденген. Тілді дамыту арқылы ой дамытылады, ойдың дамуы тілдің дамуына әсер ететінін психологтар дәлелдегені белгілі.

Психолог ғалымдар сөйлеуді екі жақты, ішкі және сыртқы сөйлеу деп екіге бөледі. Адам сөйлегенде, ойын сыртқа сөйлеу арқылы шығарады. Демек, баланы дұрыс ойлауға да, дұрыс сөйлеуге де үйрету керек, ол көп тәжірибені және баланы жаттықтыруды қажет етеді. Сондықтан да, мектепке дейінгі жастағы балалардың тәрбиешісі балалардың ойлау, сөйлеу, қарым-қатынас, қиял және шығармашылық қабілеттерін дамытатын, жеке, физикалық және көркемдік-эстетикалық дамуына ықпал ететін қызмет түрлерін ұйымдастырады. Балалардың өздігінен ойнауына қолдау көрсетеді, ойынның белсенді қатысушы болады және ойын уақыты мен кеңістігін қамтамасыз

етеді. Балалардың жеке дамуын бағалайды. Мектепке дейінгі балалардың бірлескен және дербес қызметін ұйымдастырады. Бұл тәрбиелеу процесінде тәрбиеленушілердің тұлғалық сапаларына сүйену қажеттігін білдіреді. Тәрбиеге тұлғалық тұрғыдан қарау тәрбиешіден мына міндеттерді орындауды талап етеді:

1) Өз тәрбиеленушілерінің жеке темперамент ерекшеліктерін, мінез бітістерін, әдеттерін қырағы танып, жақсы білу;

2) Ойлау бейімі, қызығушылықтары сияқты аса маңызды сапалардың қалыптасуы;

3) Тұлға дамытудың әсерлі түрін біртіндеп күрделендіре отырып тәрбиелік іс-әрекеттерге әрбір тәрбиеленушіні тарту;

4) Мақсатқа жетуге кедергі болатын себептерді дер кезінде анықтап, олардан арылу, ал егер дер кезінде сезіп, жою мүмкіндігі болмаса, онда жаңа туындаған жағдайларға байланысты тәрбие тактикасын ауыстыра білуі керек.

Бұл жағдайларда мектепке дейінгі педагогика баланың ақыл-ойының, тілдік зияткерлік дағдыларын дамытуда ойынның қоршаған ортаны танудың, құрдастарымен, ересектермен қарым-қатынас жасаудың бірден бір құралы ретінде қарастырады. Сондықтан бала тілін дамытып, қалыптастыруда ойынның маңызы зор. Бала ойын арқылы қоғамдық тәжірибені үйренеді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Мысалы кез-келген бала жалғыз ойнамайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнау арқылы бір-бірімен қарым-қатынасқа түседі. Б.Баймұратова мектеп жасына дейінгі баланың тілін дамыту үшін баланың белсенді сөздік қорын байытып, байланыстырып сөйлеуінде ойынның алар орны ерекше екеніні атап өтеді.

Баланың алғашқы күндерінен қоршаған ортаны тануына психологтар тарапынан «тойымсыз» деп аталған сан түрлі қажеттіліктер тән. Баланың алуан түрлі ойыны оған жаңаны тануға, ойлануға, ойынның мазмұнына өзінің қатынасын білдіруге мүмкіндік береді.

Ойын аясында қызметтің басқа түрлері (еңбек, оқу) туындайды және дифференциланады (бөлінеді). Ойынның дамуына қарай бала кез келген қызметке тән компоненттерді меңгереді: мақсат қоюды, жоспарлауды, нәтижеге қол жеткізуге үйренеді. Содан кейін ол бұл дағдыларын басқа қызмет түрлеріне, ең алдымен, еңбек әрекетінде қолданады. Өз заманында А.С. Макаренко «жақсы ойын жақсы жұмысқа ұқсайды» деген пікір айтқан болатын: қол жеткізген мақсат, ойлау, шығармашылық қуанышы, қызмет мәдениеті оларды жақындастырады. Сонымен бірге А.С. Макаренко сөзі бойынша, ойын балаларды еңбек талап ететін жүйкелік-психикалық шығындарға дайындайды. Демек, балалар ойында мінезқұлықтың еріктігі қалыптасады. Ережелерді орындау қажеттілігіне орай, балалар ұйымшыл болады, өзін және өзінің мүмкіндіктерін бағалауға үйренеді, ептілікке машықтанады және еңбек қызметінің берік дағдыларын қалыптастыруды жеңілдететін тағы басқа қасиеттерге ие болады. Жетекші қызмет бола отырып, ойын баланың жаңадан қалыптасуына, оның психикалық процестеріне, оның ішінде қиялдауына ең үлкен деңгейде әсер етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар өсіп, есейген сайын қарым-қатынас дағдыларын біртіндеп меңгере бастайды. Оған дәлел ретінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында ерте жас тобы балаларына коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін мынадай міндеттерді жүктейді олар:

- тілдік қарым-қатынас ортасын құру;
- сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту;
- баланың түсінетін және белсенді сөздік қорын қалыптастыру;
- ересектердің, құрдастарының сөзіне еліктеу қабілетін дамыту;
- балаларды алғашқы қарым-қатынас құралдарын (вербалды және вербалды емес) қолдануға үйрету;
- үй жануарларының дыбыстарына еліктеу, дыбыстарды қайталау арқылы дыбыстау мәдениетін қалыптастыру [4. 8 б].

Бұдан шығатын қорытынды ерте жас тобы балалары алдымен вербалды емес ақпаратты (мимика, жест – ишара, дауыс, үн ырғағы) оқуды үйренеді, содан соң алғашқы сөздерді үйрене бастайды. Осылайша бала, әңгімелесушіні тыңдау және есту, өзін оның орнына қою, адамдар арасындағы қарым-қатынастың реңктерін қабылдау қабілетіне біртіндеп ие бола бастайды. Сондықтан да, мектепке дейінгі мекемелерде ерте жас тобынан бастап ойын іс-әрекеттерінде коммуникативтік дағдыларды дамыту міндеттерін шешуге ерекше назар аудару қажет дер едім.

Бұған дәлел үшін өзім жұмыс жасайтын «Балапан» кіші жас тобында балалармен бірге өткізіп, нәтиже көрсеткен бірнеше жұмысымды ұсынамын. Мен бұл жұмыстар барысында балалардың тілдік дағдыларын дамытуда ойынның, балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдістерінің бірі екеніне көз жеткіздім. Соның бірі «Шалқан» ертегісін сахналау арқылы балалардың ақыл-ойын, қиялын дамыту, үй жануарларының дыбысын ажырата білуге үйрету бағытында жұмыс ұйымдастырдым. «Шалқан» ертегісі желісінде сахналық қойылым көрсете отырып, балаларға бір отбасының татулығын, бірліктерін көрсету тапсырылды. Мақсат ертегі арқылы балалардың тілдерін дамыту. Достыққа, бір-біріне қамқорлық жасауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу жұмысын жүргіздім.

Балалармен қызықты ойын тапсырмаларын орындауда мына мәселелерге назар аудардым. Мысалы: Ұялшақ баланы қарым-қатынасқа қалай үйретуге болады?. Агрессивті баламен қалай әрекет ету керек? Баланың өзін-өзі бағалауын қалай көтеруге болады? Ол үшін «Жаңбыр» тақырыбында кіріктірілген ұйымдастырылған іс әрекет өткіздім. Іс-әрекет барысында «Жау жаңбыр», «Кім жылдам», «Көңілді көбіктер», «Жасырынған сандар», «Құпиялы тамшылар», «Кел биле» жаттығуларын ұйымдастырып, ойнаттым. «Күлімдеу» ойын барысында балалар сүйікті адамның (анасының, әкесінің, т.б.) күлкісін салады, сосын олардың күлкісін смайликтерге салып, бір-біріне салған суреттерін береді. Ал, «Мен және менің

эмоцияларым» ойынында балаларды мимика және пантомима арқылы сезімдерін білдіруге үйреттім. Ойын барысында негізгі эмоциялар (қуаныш, қайғы, қорқыныш, жайбарақат және т. б.) туралы түсініктері кеңейтілді.

Сонымен бірге «Адасқан құмырсқа» (ертегі) тақырыбындағы ашық ұйымдастырылған іс-әрекет «Ақжелкен» мектепалды тобында өткізілді.

- Іс-әрекет барысында
- «Көңілді сәлемдесу»
- «Әріптер не жасырды»
- «Ұзын мұртты құмырсқа»
- «Құмырсқа илеуі»
- «Құмырсқа тізбегі»
- «Құмырсқаға дән қажет»
- «Лабиринт жолдар» ойындары ұйымдастырылды.

Топта жағымды ахуал қалыптастыру мақсатында көңілді әуенмен бүлдіршіндерге ойын ойнатылды.

Әр ойын аймағына бару кезінде тәрбиешінің бақылауымен зерттеудің ережелері қатаң сақталды. Ережелерді қатаң сақтай отырып, баланың қызығушылық пен әуестігіне, ойын әрекетіндегі қарапайым тәжірибелерді жауапкершілікпен орындауына, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуіне мән берілді.

Бұл ойын жаттығуларды ойнау барысында балалардың бойында танымдық-

зияткерлік дағдылары, шығармашылық, коммуникативтік дағдылары қалыптастыру бағытындағы жұмыстарға басымдық бердім. Балалар тапсырмаларды орындауда жоғары қызығушылық танытқанын байқадым.

Қорыта айтқанда кез-келген іс-әрекет барысында ойын элементін енгізуге болады, және мұндай әрекет балалар үшін қызықты болады. Күнделікті қатаң шеңбер кетеді, мектеп жасына дейінгі балалар үшін тәрбие мен білім беру қызықты формаға ие болады. Қарым-қатынас негізінде әлеуметтік сезімдер, әдеттер қалыптасады, бірлесіп және мақсатты әрекет ету қабілеті дамиды, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау негіздері қалыптасады.

Алайда баланы қоршаған шындық аса алуан түрлі, ал ойында оның жеке бір қырлары ғана, атап айтқанда адам қызметінің саласы, адам арасындағы қарым-қатынас көрініс табады. Демек, балалардың ойынында ересектің қандай да бір затпен жасаған іс-әрекеті (бала ойыншық пеште тамақ әзірлейді, қуыршақты шомылдырады) қайта жасалынады. Содан болар психолог А.А. Люблинская бүлдіршіндердің ойындарын «жартылай ойын – жартылай еңбек» деп өте дәл атаған. Сондықтан ойынды балалардың тілдік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудың ең үлкен нәтижеге ие болуға жол ашатын бірден бір құралы деп атауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аралбаева Р.К. Мектепке дейінгі педагогика. Оқулық. - Алматы 2014ж.
2. Жиенбаева С.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы. - Алматы, 2018ж.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазан №422 бұйрығы.
4. Андабекова С.А. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы. - Алматы, 2012ж.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық, – Астана, 2022
6. Козлова С.А., Куликова Т.А. Мектепке дейінгі педагогика 2014ж.
7. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.



Умиралиева Молдир Балгабаевна,
Қызылорда облысының білім басқармасының,
Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің
«Күнекей» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі

ЗАТТЫҚ-КЕҢІСТІКТІК ДАМУЫШЫ ОРТА: БАЛА ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада ойын арқылы баланы тәрбиелеу және оқытуды педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі ретінде заттық-дамытушы ортаның маңызын қарастырады. Заттық-дамытушы ортаның- мектепке дейінгі балалар өмірі мен іс әрекетін ұйымдастырудың негізгі факторы ретінде зерттеулер жүргізген көрнекті психологтар мен педагогтардың еңбектеріне шолу жасалған. Заттық-дамытушы ортаның барлық уақытта қоршаған шындықты білудің, әртүрлі білім мен дағдыларды игерудің ең жақын және табиғи тәсілі ретіндегі маңызын ғалымдардың еңбегімен байланыстыра отырып талдау жасалған.

Түйін сөздер: дамытушы заттық-кеңістік орта, келісім, субъективті, тұлғааралық қарым-қатынас, ойын әрекеті, қарым-қатынас дағдылары, сөйлеу этикеті, эмоционалды, тілдік қарым-қатынас ортасы, жетекші іс-әрекет, даму факторы.

Елімізде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту бойынша жүйелі шаралар кешені іске асырылып келеді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың басым бағыты, халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарынан шыққан балалардың сапалы білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасауға және қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталып отыр. Сондықтан балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестерін ұйымдастырудың жаңа тәсілдері мен жаңа тиімді нысандарын іздеуді талап ететін үлкен әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жүзеге асырылуда.

Қазіргі әлемде білімге деген көзқарас жылдам өзгеріп, балалар өмір сүріп, өсіп жатқан, ортасының табиғи болмысымен бірге өзгеруде десек болады. Бұл балаға берілетін тәрбие мен білімді туылған сәтінен бастап, өмір бойы жалғасатын процессте беруді

ұйымдастырудың икемді стандарттарын қабылдаудың қажеттілігін айқын көрсетіп отыр.

Сондықтан Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласын одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі балаларды дамыту мен оқыту талаптарының өзгеруіне және өзекті ғылыми деректер негізінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды трансформациялау үшін қажетті өзгерістер бағытын айқындайтын құжат әзірленіп қолданысқа енгізілді. «Мектепке дейінгі кезең – мектепке дайындық сатысы, баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамыту кезеңі. Демек бала өміріндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту тәсілінің ұйымдастырылған оқу қызметінен баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін

ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасауға қарай өзгеруі тиіс»- деп модельде атап көрсетілген.

Олай болса, балалар көп уақытын білім беру ұйымдарында өткізетіндіктен балалардың үйлесімді дамуы, қажетті жағдайлар жасаудың маңыздылығын түсінуге әкеледі. Ол үшін педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, баланың өзі таңдаған заттық әрекет түріне қарай құрудың маңызы зор.

Баланың дамуы мен әлеуметтенуі үшін заттық орта үлкен мәнге ие. Заттық ортада адамзаттың көптеген ғасырлар бойы жинаған тәжірибесі материалданған. Бала заттармен жұмыс істей бастаған мерзімге дейін олар оның өміріне еніп қоймайды, оған өмір сүруді қамтамасыз етеді, ол туғаннан кейін түсетін жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуге көмектеседі.

Заттық дамытушы ортада ойлау, сөйлеу, саналы қозғалыстар дамытылады, заттық орта ересектермен балалардың іскерлік қарым-қатынас орнатуына көмектеседі, ойын туады, яғни баланың өмірінің осы кезеңінде заттық әрекет жетекші қызмет болып табылады.

Педагогикада осы бірінші кезеңді кенеттен-зерттеу деп атау қабылданған. Бала заттарды зерттейді, бірақ ол алдына мұндай мақсатты қоймайды, бұны әлі орындай алмайды. Зерттеу үдерісі кенеттен және жағдайға байланысты болады. Нәресте зат әлемін басқарудың әр түрлі тәсілін қолданып көреді. Педагогтің осы кезеңдегі міндеті заттық ортада түрлі пішіндегі, түстегі, материалдағы, дыбысталудағы заттар болатындай ұйымдастыруы, балалардың заттарға, оларды зерделеуге қызығушылығын тудыра білуі, баланың өзін қоршаған заттардың қолданысы туралы ұғымды қалыптастыра білуі шарт. Баланың айналасында көп зат болмауы керек, бірақ олар әр түсті – ашық және жылы, күші мен дыбысталу тембріне қарай әр түрлі – қатты және жұмсақ болып ұйымдастырылуы керек. Ойыншықтар мен заттар әр түрлі көлемде болу қажет. Әрине, міндетті түрдегі талап

– ойыншық пен заттардың қауіпсіздігі сақталуы керек.

Зат әлемін игерудің бірінші кезеңінің маңызды міндеті балаларды затты жұмсалуды мақсатымен таныстыру.

Осы міндеттің мәні бала затпен алғашқы рет жүздескенде, ол не үшін қажет екенін, онымен не және қалай істеуге болатынын ұғыну керек, яғни ол заттың тура қолланысын білу керек (қасық онымен үстелдің үстін соғу үшін емес, тамақ ішу үшін керек). Танудың осындай жолы кеңістікте дұрыс бағыт-бағдарда болуға және затты қолданудың адами тәсілін игеруге көмектеседі.

Заттарды игерудегі екінші кезеңі, оны заттардың нұсқалығын түсіну кезеңі деп атау қабылданған. Бұл кезеңнің маңыздылығы, баланың одан өту нәтижесі қиял-ойының, шығармашылығының дамуына әкеледі.

Осы кезеңде заттық ортаны байыту баланың маңайында көпқызметті болып келетін заттардың пайда болуымен байланысты конструкторлар, олардың белгілі бір бөлшегінен әр түрлі заттар құрастыруға болады және жұмсалыуына қарай бірдей, түсіне, материалына, өлшеміне қарай әр түрлі (доптар, ыдыс және т.б.);

Баланың заттар әлемін игерудегі үшінші кезең (мектепке дейінгі орта және жоғарғы жас) – саналы-зерттеу және түрлендіру. Бұл кезең балалардың заттарға қызығушылық көрсете отырып, оларды зерттегісі, олар неден құралғанын, қандай қасиеттерге ие екенін, қандай мақсатта жұмыс істейтінін білгісі келетінімен сипатталады, яғни олар өздерін қоршаған зат әлемін саналы зерделеуге тырысады (сондықтан да көп жағдайда ойыншықтарды сындырады). Екінші ерекшелігі болып балаларда өз бетімен заттарды жасағысы келу немесе ескілерін қайта түрлендіргісі келу ықыласының пайда болуымен ерекшеленеді. Осы екі ерекшелік мектепке дейінгі жоғарғы жастағы балаларда көрнекі-бейнелілік және логикалық ойлау, басқа адамның әрекетін бағалау қабілеті пайда болуының (А.Н.Леонтьев, М.И.Лисина, Д.Б.Эльконин және т.б.), «қол шеберлігінің» олар әрі дамуының (Т.С.Комарова), шығармашылық қызметтің қайта өңдеу

түрлеріне талпынысының байқалуының (Н.А.Ветлугина, Г.Н.Пантелеев, Л.Е.Одерий және т.б.) қиялының дамуының (О.М. Дьяченко, Л.А. Парамонова және т.б.) дәлелі болмақ.

Мектепке дейінгі кезең – баланың өміріне қажетті дағдыларды игерту және оларды дамыту кезеңі болғандықтан педагог балалардың қызығушылығын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша ашуға және дамытуға жағдай жасауы тиіс. Ол үшін баланың қызығушылығына көңіл бөліп, баланың өзі таңдаған әрекет түрін ұйымдастыруы қажет.

Алғашқылардың бірі болып кеңістіктік ортаны көрнекті философ және ағартушы Жан Жак Руссо тұлғаның оңтайлы өзін-өзі дамытуының шарты ретінде қарастыруды ұсынды. Баланың жеке басының максималды дамуына ықпал ететін осындай ортаны дұрыс модельдеуді ересектер жүзеге асыруы қажеттігін өз еңбектерінде атап өткен. Сонымен қатар атақты итальяндық педагог Мария Монтессори де баланың даму ортасына үлкен мән берді. Оның әдісінің негізгі идеясы-баланы өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға итермелеу. Бала өзінің ішкі әлеуетін пайдалана отырып, өзінің жеке басын дербес қалыптастырады. Ол үшін М.Монтессори дамушы ортаны дамытып, балаға еркін және өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік берді. Мұндай арнайы дайындалған орта балаға ересек адамның қамқорлығынсыз біртіндеп дамуға және тәуелсіз болуға ықпал ететінін өз зерттеулерінде көз жеткізген болатын. Ал, зерттеуші ғалым С.И. Новоселова пәндік даму ортасы-бұл баланың іс-әрекетінің материалдық объектілерінің жүйесі, оның рухани және физикалық дамуының функционалды модельдеу мазмұнының сыртқы түрі» деп анықтама береді.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі педагогиканың негізін салушы, ағартушы-педагог, этнограф, журналист-аудармашы Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы (Сағызбайқызы) «Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала» атты еңбектерінде

мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөздің де, көрсетілетін іс-қимылдың да орынды, тағылымды болуына мән берген. Бала бойындағы білуге, ұғуға, көруге әуестікті тыйып тастамай, оларды бағыттап, дамытып отыру қажеттігін баланы тәрбиелеп, өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқтала отырып, жас баланың айналы білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп, жетілетінін айта келе, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды» деп жазған. Демек бүгінгі күні өзекті болып отырған баланы сыни ойлауға үйрету, балаларға мейірімділікпен қарау, дос болу, әрбір педагогтің бойынан табылатын негізгі құзыреттіліктер. Олай болса заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру, баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамыту, қажетті жабдықтарды тімді қолдануда тәрбиеші педагогтерге үлкен жауапкершілік міндеттейді.

Сондықтан да, дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік беретін негізгі фактор болып табылады.

Өзім басқарып отырған Қызылорда қаласындағы «Күнекей» бөбекжай-бақшасында 14 топта заттық-кеңістіктік дамытушы орта жасақталған. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жасақтауда ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы N70 бұйрығын негізге алдық. Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағыттала жасақталды. Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптарды негізге алдық.

Сонымен қатар дамытушы ортаны жабдықтауда Үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды, инклюзивті білім беруге қажетті жағдайлар жасауды, ұлттық-мәдени құндылықтар, балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып жасақтадық.

Балабақшамызда «Қауіпсіз, жайлы, тиімді заттық- кеңістік дамытушы орта негізінде балаларды ерте жаста дамыту» тақырыбында облыстық, «Заттық- кеңістік дамытушы ортаны жас топтарына қарай ұйымдастыру» тақырыбында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мамандарына арналған қалалық семинар өткізіп өз тәжірибемізбен бөлістік. Мысалы, «Неге ұқсайды?» ойыны: балалар заттың неге ұқсайтынын ойлап табады, «Сызықты жалғастырып суретті сал», «Зат өзі туралы не айтады?», «Жұбынды тап» «Қызықты лабиринт», «Кітап біздің досымыз», «Зерттеймін, мен қалаған әлемді», «Ауылға барамыз» тақырыптарында қызықты танымдық шаралар өткізіліп, көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдармен танымдық (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.) ойындар ұйымдастырылды. Ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын іске асыруына, шығармашылық шешім қабылдауына мүмкіндіктер жасалды. Сондай-ақ, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді таңдауға мүмкіндік беру үшін тәрбиешілер дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдармен жабдықтап жақсы нәтижелер көрсетті.

Қорыта айтқанда заттық орта әлемінде бала тұлғасын әлеуметтендіру үшін бай

мүмкіндіктер бар, бірақ ол педагогтің осы үдеріске ұқыпты, сауатты қараған жағдайында ғана жақсы нәтиже береді. Осы орайда өзімнің мынадай ұсыныстарымды айтып өтсем:

Шығармашылық қабырға жасап онда балалар түрлі-түсті карандаштармен, көмірмен не фломастермен жеке және ұжымдық суреттер салу алаңдарын ұйымдастыру;

Табиғат әлемін бейнелейтін суреттер арасында жапсырмалау, түймелеу т.б. арқылы өзгермелі композициялар құрастыру;


Шығармашылық шеберханалар балаларды кесте тоқу, ағаштарды өңдеу т.б. жұмыс түрлеріне баулу;

Балабақша базасында мүмкіндік болып жатса әртүрлі эмоционалды көңіл-күй қалыптастыруға арналған «құпия бөлме», «магиялық бөлме», «қорқыныштар бөлмесі», «сиқырлы қалашық», «фантастикалық ғарыш», «қисық айна» бөлмелерін жасақтау арқылы баланы тек шығармашылық тұрғыдан емес, өмірде кездесетін жақсылық, жамандық деген ұғымдар туралы алғашқы қарапайым түсініктер де беруге болады.

Сондықтан тәрбиешілер балаларға «егер мен өнертапқыш болсам, осы затпен не істер едім» деген ұстанымда болып, балаларға қиялдауға, ойын шарықтатуға мүмкіндік беру арқылы қол жеткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аралбаева Р.К. Мектепке дейінгі педагогика. Оқулық./- Алматы 2012.-115-бет.
2. Жиенбаева С.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы./- Алматы, 2018ж.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік Оқу бағдарламасы, 2022ж.
4. Андабекова С.А Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы./- Алматы, 2012ж.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық, -Астана, 2022ж.
6. Козлова С.А., Куликова Т.А. Мектепке дейінгі педагогика, 2014ж., 295-бет.





Боранбаева Майра Сарсенхановна,
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында гендерлік тәрбие беру мәселелерін ескеру қажеттілігі туралы айтылады.

Түйін сөздер: гендерлік білім беру, ұлттық тәрбие, аға, әпке, қыз бала, ер бала, сабақтастық.

Тәрбие адамның және адамзат қоғамының дүниеге келгенінен бастап пайда болады. Бала тәрбиесі адамзат қоғамының дамуымен байланысты жалпы мәңгілік ұғым болып табылады. Қоғам бар жерде тәрбие де болады. Тәрбие қоғам қажеттілігіне байланысты. Тәрбие ұрпақтар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді.

Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерінің оқу-тәрбие процесіндегі орны маңызды. Себебі, дамудың белгілі кезеңдерге бөлінуін, белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас және жеке ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психологияда балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, белсенділікті айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Балалардың жас ерекшелігін есепке алу – оқыту мен тәрбие жүйесіндегі негізгі принциптердің бірі (5). Балалардың өсіп-жетілуінің бір сатысынан екіншісіне көшуі кездейсоқ емес. Әр жастағы кезеңге тән психологиялық ерекшеліктердің ұштасуын жиі байқауға болады. Сана-сезімнің, дене күш-қуатының дамуы адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Баланың жасы

өскен сайын, бойлары өсіп, денелері жетіліп, ақыл-саналары дамып, білімдері тереңдей бастайды.

Осы тұста мектепке дейінгі балалық шақ, сөзсіз, баланың адамгершілік қасиеттері мен іс-әрекеттерін дамыту үшін білім беру негіздерін құрудың сезімтал кезеңі болып табылады. Бала-бұл ерекше және жарқын тұлға, ол жеке тәжірибені, өмірлік әсерлерді жинақтай отырып дамиды, ересек әлемді өзінің барлық артықшылықтары мен кемшіліктерімен таратады. Балабақшада іс-әрекетті ұйымдастыру кезінде гендерлік тәрбие мәселелері әрқашан ескерілу тиіс. Әр жыныстың дамуының ерекшеліктеріне ерекше назар аудару ұсынылады (3).

Мектеп жасына дейінгі білім беруде барлық оқу бағдарламаларында гендерлік тәсілдер ұстанымы қарастырылуы керек. Мектеп жасына дейін білім берудегі қолданылатын әдістемелік әдебиеттер осы кезге дейін гендерлік ерекшеліктерді, қыз бала мен ер баланың ортаны қабылдау ерекшеліктерін, гендерлік психология сипаттамасын, яғни гендерлік сезімталдық ұстанымын есепке алмай құрастырылуда. Мектеп жасына дейінгі мекемелер үшін әдістемелік және дидактикалық басылымдарда гендерлік сараптама

жасау олардағы патриархаттық гендерлік таптаурындарды анықтау үшін жүргізіледі. Қыз бала мен ұл балалардың бойында адамзат өкіліне қатысты екендігін және жыныс қасиеттеріне байланысты өздерінің ерекшеліктерін сезіну қабілеттерін дамыту қажет. Осы аталған жағдай мектеп жасына дейінгі балалардың гендерлік санасын дамыту мен гендерлік тендікке қол жеткізудің алғы шарты болуда.

Ең алғаш гендер теориясы осыдан отыз жылдан астам бұрын әлеуметтік ғылымдарда пайда болған. Оның ең басты ережелерінің бірі – гендер және жыныс түсініктерінің айырмашылығы. Жыныс – адамның биологиялық, физиологиялық құрылысын білдіреді. Гендер дегеніміз – әйелдер мен еркектердің әлеуметтік рольдерінің арасындағы айырмашылықты және ортаның адамдардың биологиялық жыныстарының негізінде қойған ұйғарымдардан туған қылықтар мен эмоциональдық мінездемелерінің арасындағы айырмашылықтарды білдіреді.

Балалар өздерінің жыныс ерекшеліктерін біржарым жас шамасы аралығында айыра бастайды, жыныс мүшесін қабылдау ерте алғашқы бірінші жыл өмірінде тани біледі. Кейінірек балақай адамдарды жынысына байланысты тани бастайды, «аға» және «әпке», «бала» және «қыз» деп бөле отырып және өзін нақты-бір жыныс мүшесі ретінде тани біледі.

Қазақ қоғамындағы әр жыныс иесі өмірге келгеннен бастап, қартайғанға дейін 20 - 25 әлеуметтік және этноәлеуметтік рөлдерді атқарады екен. Бұл әр адамның толыққанды өзін - өзі жүзеге асыруы болса, екінші жағынан қазақтың этномәдени тұтастығының сақталуы. Бала тәрбиесінің негізгі нысан үлгісі ұлттық тәрбиемізде жатыр. Қазақ қоғамында қыз бала тәрбиесі, ер бала тәрбиесі жеке-жеке жас және жеке ерекшеліктері арқылы тәрбиелеген.

Мектепке дейінгі жастан бастап, балаларда – еркектік қасиетін, эмоциялық тұрақтылығын, жүректілігін, батылдығын, жауапкершіліктігін, батырлық қарым-қатынасын, әйел жынысты өкілдерге және қыздарда – алғашқы әйелдік қасиеттердің шығуында – аялау, нәзіктік, қарапайымды-


лық, шыдамдылық, жанжалдың татулықпен шешілуіне ынталануын қалыптастыру керек. Ал оны ойындар, ертегілер арқылы қалыптастыра аламыз. Мектеп жасына дейінгі балаларды гендерлік-рөлдік мінез-құлыққа тәрбиелеуде ертегінің рөлі зор. Ертегінің арқасында бала өзін қоршаған әлемді біледі, әртүрлі гендерлік-рөлдік репертуарды, жыныстар арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктерін игереді. Ертегі – жақынына: анасына, әкесіне, жарына, ұлына, қызына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеудің қуатты құралы. Балаларға ертегілер, дастандар тыңдау және халық ертегілерін сахналау ұсынылады. Балалар аудио әдебиетті тыңдайды. Олай болса, қазақ халқының «Күнкей сұлуы», «Падишах қыз бен тазша», «Сұлу Қаншайым мен жеті бақсы» атты ертегілері балалардағы қыздың жалпылама, жалпылама жағымды бейнесін құрайды: мейірімді, еңбекқор, біреуге жауап беретін. басқалардың қайғысы, мұқият және риясыз. Барлық зұлымдық, сұмдық кейіпкерлермен бірге ертегілердің басты кейіпкерлері Мерген, Ер-Төстік, Асан батыр және т.б. Олар қарапайымдылықпен, еңбекқорлықпен, адалдықпен, мейірімділікпен, көмектесуге дайындығымен, қызығушылықтанытпауымен ерекшеленеді (1).

Ерте жастан бастап ер бала ерекшелігіне педагогикалық пайым жасау, өмірге даярлық мәселесінің жаңаша тәсілі мен әдісін қарастыру, қоғамда етек алған ұлдардың бойкүйездігі пен жігерсіздігінен, енжарлығынан арылуына көмектеседі. Ер балаларды отбасылық міндеттерге жауапты етуде қыз балалардан бөлек дайындаудың өзі олардың белсенділігін оятуға ықпал етеді. Қазақ халқы үшін ерлерден күтілетін «текті» болу – құнды сапасы және оның жауапкершілігі дұрыс ұғындырылғанда ғана ер балаларға қабылданады.

Қорытындылай келе, ұлдар мен қыздарды тәрбиелеудің ерекшеліктерін мектепке дейінгі жастан бастап анықтап, халықтық педагогика мен халықтардың этномәдени құндылықтары негізінде тәрбие мен білім беру үрдісін соған сәйкес ұйымдастырсақ, бұл балалардың дұрыс жыныстық-рөлдік әлеуметтенуіне әкеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Татаринцева Н.Е. Мектеп жасына дейінгі балалардың жыныстық-рөлдік тәрбиесінің теориясы. /Н.Е.Татаринцева //Оңтүстік федералдық университетінің жаңалықтары. Педагогикалық ғылымдар. - 2008. - № 1–2. – С. 80–90.2.
2. Тайжанов А.Т. Этномәдени білім мен тәрбие /Оқу құралы. – Ақтөбе, 2009. – 122 б.
3. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. – 304 б.
4. Қалиев С. Үлгілі үйдің ұл-қызы. – Алматы, 2000. – 208 б.
5. Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. Монография. – Алматы: Комплекс, 2000. – 330 б.
6. Мудрик А.В. Основы социальной педагогики: Учебник для студ. сред. проф. учеб. заведений. - М.: Академия, 2006. 208 с.
7. Сухомлинский В.А. Рождение гражданина. -М., 1979. Т.
8. Кон И.С. Половые различия и дифференциация социальных ролей. -М., 1975.





Мухамеджанова Айжан Бадылхановна,

қазақ тілі оқытушысы, педагог - сарапшы

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Екібастұз қаласы
білім беру бөлімінің «№1 сәбилер бақшасы Даму орталығы»

АСЫҚТЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Ұлттық тәрбиені мектепке дейінгі кезеңнен бастап қалыптастыру, баланың дене бітімі мен ой-өрісінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру өте маңызды. Осы орайда бұл мақалада асықтың қарапайым мүмкіндіктерін тиімді пайдалану туралы баяндалған.

Түйін сөздер: асық технологиясы, ұлттық тәрбие, асық ойыны, деңгейлік тапсырма.

Еліміздің заманауи білім кеңістігіне бет бұруы ұлттық педагогикада, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді қажет етеді.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақалада «Халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», деп жазылған. Яғни, мектепке дейінгі кезеңнен бастап ұлттық тәрбиені қалыптастыру, баланың физикалық және ой-өрісінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру өте өзекті. Осы орайда мен көптілділікті қалыптастырудың педагогикалық құралы ретінде қарапайым асықтың мүмкіндіктерін тиімді пайдалануды жөн көрдім [1].

Мен асықты ойыннан бөлек оқу үрдісіне қостым. Бала боялған асықтың түр-түсін ажырату арқылы түстерді таниды және асық туралы көп біліп үйренеді. Яғни, асық ойыны ептілікке, мергендікке, шапшаңдыққа, сергектікке баули отыра, білімдерін жетілдіреді.

Асық ойыны - қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Халқымыз асықты қастерлеген. Асықпен ойнаған баланың зейіні тұрақталады, логикалық ойлау қабілеті дамиды, тіл байлығын дамытады [3].

Балаларды жан-жақты дамыту мақсатында оқу іс-әрекетінде ойыннан бөлек асық пайдаланылды. Балалардың саусақ буындарына өте пайдалы, ұсақ моторикасы дамиды. Саусақтармен жұмыс жасау арқылы саусақтары иілгіш болып жаттығады. Мұның бәрі баланың қиялы мен ойының ұшқырлығына әсері етіп, зейінін жан-жақты дамытады.

Асық әдісі балалардың қимыл-қозғалысын реттеуге, кеңістікті бағдарлай білуге, сөздік-логикалық ойлауды сатылай қалыптастыруға, шығармашылық ойлауға, сабырға тәрбиелейді. Сондықтан мазмұнды ойындар, жаттығулар құрастырып, оларды оқыту барысында қолданамыз. Мысалы, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінде бала қызығушылығын арттыру мақсатында ойын ретінде асық лақтырып, сөйлеуге үйрену әдісін ойластырдым. Асықтың өзінің 4 жағының атаулары бар. Олар:

Алшы (көгілдір) - асықты иіргенде табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған аса мән беріледі. Ол - бірінші дәрежелі асық.

Тәйке (сары) - асықты иіргенде табаны үстіне қарап, тұрық түсуі. Ол - екінші дәрежелі асық.

Бүге (Бүк) (қызыл) - асықты иіргенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие.

Шіге (Шік) (жасыл) - асықты иіргенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие [5].

Осы 4 жағына тапсырмаларды бөліп, коммуникативтік дағдылары үлгерімін тексеруге мүмкіндік жасауға болады. Бұл әдісті білімдерін бекіту, тексеру мақсатында қолдануға ұсынамын. Енді үш түрлі жас ерекшеліктеріне негізделіп, мен тапсырмаларды төмендегідей бөлдім.



Мектепалды жас балаларға ұсынылады:

- **Алшы** (көгілдір) – 1-деңгейге сәйкес, егер балада алшы түссе, бала таңдаған сөзді алып, тапсырманы 3 тілде орындауы қажет. Мәселен, сөзге қатысты бірнеше сөйлем құрап, алгоритм бойынша әңгіме құрайды (Мысалы, Мынау алма. Алма қызыл. Алма үлкен. Алма тәтті. Мен алма жақсы көремін).
- **Тәйке** (сары) – 2-деңгейге сәйкес, сөзге 1 сөйлем құрайды (мысалы, Мынау бір қызыл алма.).
- **Бүге (Бүк)** (қызыл) – 2, 3-деңгейдің тапсырмасын орындай алуын тексеру.
- **Шіге (Шік)** (жасыл) – 3-деңгейдің тапсырмасын орындай алу білімін тексеру.

Ересек жас балаларына ұсынылады:

- **Алшы** (көгілдір) – 1-деңгейге сәйкес сөйлем құрайды (мысалы, Мынау бір қызыл алма).
- **Тәйке** (сары) – 2-деңгейге сөз тіркесін жасайды (мысалы, үлкен алма).

Ортаңғы жас балаларына ұсынылады:

- **Алшы** (көгілдір) – 1-деңгейге сәйкес сөйлем не сөз тіркесін құрайды (мысалы, Мынау қызыл алма).
- **Тәйке** (сары) – 2-деңгейге сәйкес заттың түсін атайды (қызыл)
- **Шіге (Шік)** (жасыл) – 3-деңгейдің тапсырмасын орындай алу білімін тексеру. Заттың санын атайды (бір) [4][2].

Асық әдісінің мақсаты: балалардың қимыл-қозғалыстарын реттеу, кеңістікті бағдарлай білу, көрнекі іс-әрекеттік, көрнекі - бейнелік және сөздік-логикалық ойлауды сатылай қалыптастырып, шығармашылық тұрғыда және сын тұрғысынан ойлауды дамыту, шыдамдылық, сабырлық, бірлескен әрекетті қолдана білуге тәрбиелейді [6]. Сондықтан да мен ортаңғы, ересектер мен мектепалды топ балаларына балабақшаның бағытына қарай асық әдістерінің жаңа мазмұнды жаттығуларын құрастырып, оларды оқыту және дамыту үшін ұйымдастырылған іс-әрекетінде қолдануды ұсынамын.


Сондай-ақ, педагог нені бейнелегендерін айтып беру үшін асықпен бірге түрлі мазмұнды суреттер дайындауы қажет. Айталық, бүлдіршіндерге белгілі бір тақырыпта суреттер беріледі. Боялған асықтарды лақтыру арқылы суреттерді атап, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырып шығулары тиіс. Бұл тапсырма балалардан ұқыптылық пен мұқияттылықты талап етеді. Тапсырманы орындау барысында балалар асықтың әр түсі арқылы оның атауларын жаңылмай атап, меңгеруге мүмкіндік алады. Мектепке дейінгі балалар үшін тапсырма қызықты әрі пайдалы. Баланың логикалық ойлауы, көзбен көру арқылы есте сақтау қабілеті артады, эстетикалық талғамы дамиды және бір-бірімен бәсекелесіп орындау барысында шапшаңдыққа үйренеді.

Асықты пайдалана отырып санау, сөйлем құрастыру, логикалық тапсырмаларды шешу сияқты әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып, біз бала үшін әлдеқайда қызықты түрде өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді,

қоршаған әлемнің заңдылықтары мен оқиғаларын көрсете аламыз. Балаларды асықпен ойнау барысында шапшаңдылыққа, ептілікке, бір-бірін сыйлауға, өз ойын еркін жеткізе алуға баулимыз. Асық лақтыру арқылы көз жітілігін, мергендікті дамытып, ұстамдылық пен шыдамдылыққа тәрбиелейміз, әрі әр ұйымдастырылған іс-әрекетте асық әдісін қолдану арқылы асық атауларын жетік меңгерулеріне жағдай жасай аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://egemen.kz/article/159190-asyq-tarbie-qam-tekhnologiya>
2. https://www.almau.edu.kz/news/poliiazychnoe_obrazovanie_konkretnyi_mekhanizm_realizatcii_a-10116
3. <https://ru.sputnik.kz/20180227/kazakhstan-deti-igra-asyki-shkola-4744960.html>
4. <https://ppt-online.org/138594>
5. <https://balabaksha.kz/51694/>
6. <https://bilimainasy.kz/27-12-2019-4/>





Сахибеденова Қарлығаш Салауатқызы,
Исатай ауданы Аққыстау ауылы, «Нұршуақ» бөбекжай
бақшасының логопед-дефектолог маманы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДЕ БАЛАЛАРДЫ СКАФФОЛДИНГ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

Аңдатпа. Мектепке дейінгі ерекше білім беруде скаффолдинг әдісі арқылы сөйлеу тілі дамуының сензитивті кезеңіндегі балаларды қоршаған ортаға тән мөлшерде сөйлей алуға бейімдеу жолдары қарастырылған. Баланың ұсақ саусақ-қол моторикасын және артикуляциялық моториканы дамыту арқылы шығармашылық қабілетін дамыту үшін орындалуы тиіс бірнеше шарттар мен осы стратегияның тиімділігі баяндалған.

Түйін сөздер: ұсақ саусақ-қол моторикасы, артикуляциялық моторика, ерекше білім беру, скаффолдинг әдісі, сензитивті кезең.

Қазіргі жас ұрпақ – біздің болашағымыз. Бұл жас ұрпақтың ішінде өз жас ерекшелігіне лайық дамушы балалар да, даму мүмкіндігі шектеулі балалар да бар. Ендеше, бұл балаларды бөлмей, бәріне бір көзқараспен қарап, олардың болашағына жол ашуға көмектесу әрбір жанның парызы.

Көп жағдайда мектепке дейінгі жастағы балаларда сөйлеу тілінің бұзылысы айтарлықтай көп кездеседі, өйткені бұл жас сөйлеу тілі дамуының сензитивті кезеңі болып табылады.

Тіл мүкестігі деп сөйлеу қабілетінің психофизиологиялық механизмінің бұзылу салдарынан сөйлеушінің сөйлеу тілінің қоршаған ортаға тән мөлшерден ауытқуын айтады.

Баланың сөйлеу тілінің жағдайы қалыпты немесе ауытқу жағдайында екендігін білу үшін, біз алдымен сөйлеу тілінің даму кезеңдерін білуге міндеттіміз. Баланың сөйлеу тілі туа біткен процесс емес екенін көптеген авторлар дәлелдеген. Сөйлеу тілінің дамуы мидың орталықтарының және оларды

жалғайтын жолдарының қалпына, баланың ой-өрісі мен дене дамуына байланысты болады. Статистикалық мәліметтер бойынша, сөйлеу тілінің бұзылысы жылдан жылға қарқынды өсуде. Оның себебі әр түрлі жағымсыз ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен, атап айтсақ, асфиксия, туу кезіндегі жарақаттар, бас миындағы ісіктер, инфекциялық аурулар, экологиялық жағдайлар. Сонымен қатар әлеуметтік жағдайлар да өз әсерін тигізіп жатады: отбасында 2 тілде сөйлеуі, балалардың теледидар, компьютер, смартфондарға әбден тәуелді болуы. Бұның барлығы баланың сөйлеуінің дамуына ықпал етеді, яғни бала өз әлемінде, өз қиялында жүреді. Осыған байланысты баланың дұрыс сөйлеуі оның болашағына, жан- жақты дамуына, әлеуметтік бейімделуіне әсерінің маңызы зор.

Адамдар арасында тіл табысу, сөйлеу өте маңызды. Қазіргі кездегі сөйлеу тілін дамыту әдістемесі әлеуметтік-саяси жағдайларға, білім жүйесіндегі ғылыми техникалық

прогрестің жетістіктеріне байланысты жетілдіріледі. Бала қоршаған ортаны танып білу, еңбекке қатынасы, өз ойын толық жеткізе білуі сөйлеу тілімен байланысты. Қазіргі кезде логопед маманы тек қана арнаулы мекемелерде ғана емес жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарына көмегі тиері сөзсіз және бала-бақшаларға да септігін тигізеді. Тіл мүкістігі көбінесе мектеп жасына дейінгі балаларда кездеседі. Сәби жаңа сөйлей бастағанда, қарым-қатынаста, сөздерді айтуда қиындыққа тап болады. Қазіргі ұрпақ өкілдеріне тілді көрнекіліксіз меңгерту мүмкін емес.

Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету үшін міндетті түрде фонематикалық есту қабілеті, дыбыстық талдау, жинақтау қабілеті белгілі бір мөлшерде дамуы қажет. Ал арнайы топта балалар ол дағдылары арнайы үйрету барысында ғана дамиды, ол өз бетімен дұрыс қалыптаспайды. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды ойын түрінде, арнайы әдіс тәсілдерді пайдалана отырып ұйымдастырамыз. Соның бірі- скаффолдинг әдісі.

Скаффолдинг дегеніміз - адамдар немесе материалдар көрсететін қолдау. Сол қолдау арқылы бала өз бетінше қолжеткізе алмайтын дүниеге қол жеткізе алады. Скаффолдинг әрдайым сыни тұрғыдан ойлауға, қызығушылықпен ерекше тапсырмалар орындауға қолдау көрсетеді. Бұл қолдау жұмысты жеңілдету дегенді білдірмейді, керісінше скаффолдинг балаға өзінің жақын даму аймағында қалуына көмектеседі.

Скаффолдинг (scaffolding) термині Д.Вудтің, Дж.Брунердің және Г.Росстың еңбектерінде пайда болды.

Бұл жуықтан дамыту аймағы тұжырымдамасын кеңес психологы мен әлеуметтік конструкциялаушы Л.С.Выготский (1896-1934) әзірлеген.

Л.С. Выготскийдің скаффолдинг технологиясы берілген тапсырманы баланың өз бетінше шешкенде өзекті дамыту деңгейі мен баланың үлкендердің көмегімен немесе басқа мектеп жасына дейінгі балалармен ынтымақтаса отырып қол жеткізуге қабілетті

әлеуетті даму деңгейінің арасында алшақтық қалыптасқан кезде жуықтан дамыту аймағы туралы идеясының негізінде қаланған.

Выготскийдің ойынша, бала нақты міндет үшін жуықтан дамыту аймағында болған кезде оған тиісті көмек ұсыну міндетті орындау үшін жететін «шабыт» сыйлайды.

Осы үлгіге сай, бала бүгін педагогпен ынтымақтаса отырып жасағанын ол ертең жеке өзі орындай алады.

Педагог мектеп жасына дейінгі балалармен әрекетті олар күтпеген жаңа, қызықты жұмыстармен кездесетін қауіпсіз аймақтың шегіне жіберетіндей етіп ұйымдастырады. Олар жуықтан дамыту аймағында жұмыс істейді.

Жуықтан дамыту аймағына психологиялық-педагогикалық әдебиетте «скаффолдинг» синонимі болды. Алайда, айта кететін нәрсе, Выготский бұл терминді өзінің хатында ешқашан пайдаланған жоқ және оны Вуд, Брунер және Росс енгізді.

Скаффолдинг жуықтан даму аймағын өткенде мектеп жасына дейінгі баланы қолдау үшін педагог немесе біліктірек қатарласы орындайтын әрекеттерден тұрады. Қандай бір уақыт өткеннен кейін қолдауға қажеттілік болмайды. Бала іс-әрекетті өз бетінше орындай алады.

Вуд, Брунер және Росс скаффолдингті «балаға немесе жаңадан келген адамға оның дербес күш-жігерінің шеңберінен тыс міндетті шешуі немесе мақсатқа қол жеткізуі үшін балаға мүмкіндік беретін» процесс ретінде анықтайды.

Скаффолдинг ересек адамның «мектеп жасына дейінгі балаға қолжетімді болмаған жұмыс элементтерін бақылауын талап етеді. Выготский ілімінде жұмыс барысында балаларға олардың жуықтан даму аймағында тәжірибені беруде және сол арқылы оларды мақтай отырып, жеке жұмысқа жылжыту.

Л.С. Выготский дағдылар мен стратегияларды тиімді дамыту тәсілі ретінде қатарластармен өзара әрекетті қарастырады.

Скаффолдингтің екі негізгі ережесі бар:

- балаға ол әзірге шеше алмайтын тапсырмаларды орындауға көмектесу;
- оған өзі дербес шеше алатын

тапсырмалардың сондай көлемін немесе сондай санын орындауға мүмкіндік беру.

Скаффолдинг- бұл ересектердің бала мүмкіндігінің деңгейіне сәйкес өз көмегінің деңгейін үнемі реттеп отыратын тиімді оқытудың негізгі ерекшелігі. Скаффолдинг тек тез нәтиже беріп қоймай, келешекте проблемаларды өз бетінше шешу үшін қажетті дағдыларды да сіңіреді.

Скаффолдинг стратегиясының бес негізгі сипаттамасын бөліп қарастыруға болады:

- іс- әрекеттерге ниет;
- іс-әрекеттердің орынды болуы;
- іс-әрекеттердің құрылымы;
- ынтымақтастық;
- іс-әрекеттерді игеру.

Скаффолдинг стратегиясының негізгі сипаттамалары:

- Балалар үшін ақпарат көзі болып қызмет етеді; нақты нұсқаулықтар мен ұсынымдарды пайдалану арқылы оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырады; нәтижелерді бақылауға әсер етеді;
Психолог: Ребята! Сегодня я хотела рассказать вам сказку о ребёнке, который жил один. И начиналась она так: «Жил-был мальчик, который один-одинёшенек на свете. И никого-то нет у него не было - только он...». Но потом, дойдя до этого места в сказке, я подумала: «А так бывает, чтобы у человека никого не было?» Как вы считаете? А у вас есть кто-нибудь родной? Как мы называем одним словом этих людей?

Беседа

Дети работают с вопросами:

- Что такое семья?
- У всех ли людей есть родители, семья?
- Хорошо или плохо, что у человека есть семья?
- А зачем человеку семья?
- Как относятся к своим детям родители?
- А дети к родителям?

После беседы психолог делает вывод: семья – это самые близкие люди, которые живут вместе. У детей всегда есть родители. Родители очень любят своих детей, даже когда они почему-то сердятся, они часто волнуются и переживают за вас. Семья людям нужна, чтобы каждый чувствовал, что его любят, и чтобы всем было хорошо.

Этюд «Любящие родители»

Дети делятся на пары: мальчик (папа-медведь) / девочка (мама-медведица). Звучит колыбельная. Мама-медведица и папа-медведь укачивают своего любимого сыночка. Сначала мама качает медвежонка, нежно прижимая его к себе, а папа с доброй улыбкой смотрит на маму и сына и сам тоже тихонько покачивается. Мама-медведица передаёт медвежонка папе. Теперь он качает малыша, а мама глядит на обоих ласково, с любовью [4].

Рисунок на тему «Моя семья»

Психолог: А теперь давайте выберем тот цвет, который больше всего подходит к тому чувству, какое возникает у вас, когда вы думаете о своей семье.

Возьмите губки и затонируйте этим цветом лист.

Пока лист сохнет, давайте поиграем.

Игра «Правильно-не правильно!»

Психолог: Я буду говорить какие-то фразы, а вы, если согласны со мной, поднимайте обе руки вверх, а если не согласны, сидите тихонечко.

- Семья - это все мои друзья и знакомые.
- Семья - это я.
- Мои родители могут быть младше меня.
- Бабушка - это мама моей мамы.
- Дедушка - это папа моего папы.

- Семья - это люди, которые любят друг друга.
- Бабушка и дедушка - это мои родители.
- Я дочь мамы и папы.
- Всем людям нужна семья.

Психолог: Да, я хотела запутать, но не смогла! Умницы! Я вижу, что все вы знаете, зачем человеку нужна семья. Как раз сегодня мы и будем рисовать свою семью на разноцветных листочках.


Дети рисуют на тему «Моя семья». После чего следует обсуждение.

Релаксация.

Таким образом, целенаправленное поэтапное взаимодействие в процессе игровой деятельности с детьми с ООП позволяет значительно расширить круг сведений и представлений детей об окружающем их мире предметов и отношений между людьми, обогатить сенсорный опыт детей, активизировать их общение, в целом повысить эффективность коррекционно-педагогической работы с ними.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Баряева Л.Б., Зарин А.П., Соколова Н.Д. *Обучение сюжетно-ролевой игре дошкольников с проблемами в интеллектуальном развитии.* – СПб., 1996. – 98 с.
2. Краснощекова Н.В. *Сюжетно-ролевые игры для детей дошкольного возраста.* – М.: Феникс, 2016. – 89 с.
3. Максимова А.А. *Учим общаться детей в сюжетно-ролевой игре.* – М.: ТЦ Сфера, 2005. – 110 с.
4. Чистякова М.И. *Психогимнастика.* – М. Просвещение, 1990. – 179 с.





Бозимова Жадыра Мухамбеталиевна,
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы
№22 «Гаухартас» бөбекжай-бақшасы меңгерушісі

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі ұйымда ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың жаңа форматы мен балабақшадағы тәрбиенің бүгінгі бала табиғатына сай ұйымдастырлу жолдары қарастырылған. Қазіргі заманға сай ақпараттық технологияларды қолдана отырып ата-аналарды сәбилерінің тәрбиесінде белсенді болуға қызықтыруға арналған түрлі ойындар ұсынылған.

Түйін сөздер. Ата-анамен бірлескен жұмыс, мектепке дейінгі тәрбие, рухани құндылықтар, педагогикалық кеңес беру, балабақшадағы іс-шаралар, ашық есік күндері.

Адам баласының өсіп-өнетін, қаз тұрып, қанат қағатын жылы ұя, алтын бесігі – отбасы. Біздің қай-қайсысымыз да осы шағын мемлекетте дамудың алғашқы сатысынан өтеміз. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, бала тәрбиесі ананың құрсағында жатқан һәм ол дүниеге келген сәттен басталады. Ертеректе бір кісі: «Балам бір жасқа толды. Енді мұның тәрбиесіне қазірден бастап көңіл бөлгенім дұрыс шығар, қалай тәрбиелесем болады?» - деп білмекке данагөй кісіге барыпты. Сонда ол: «Сен бір жыл, тоғыз айға кешіктің. Себебі бала тәрбиесін құрсақтан бастау керек», - деген екен. Яғни тәрбие бала ішке біткен сәттен басталады.

Қазақ бала тәрбиесіне ерекше назар аударған. «Балаңды беске келгенше хандай ұста, он беске дейін құлдай жұмса, он бестен кейін досыңдай көр» деп, ой-өрісінің даму кезеңін ерекше бағалаған. Әдептілік, бауырмалдық, қонақжайлылық, еңбекқұмарлық, ұрлық пен қиянатқа

бармау, үлкенді сыйлау, тағы сол сияқты игі қасиеттерге баулиды. Қазақ ойшылдары үнемі басты идеясы ретінде «атаның баласы болма, адамның баласы бол, жақсы көпке ортақ, пайдаң еліңе, халқыңа тисін» деген гуманистік ой-пікірді қуаттап отырған. Баланы жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа жаны құмар һәм байсалды, шымыр болып өсуін ұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұсынған.

Әл-Фарабидің «Тек бақытты адамдар ғана ізгі істер атқаруға қабілетті болады» деген ұлағатты сөзі бар. Осы орайда қаперде болуы керек нәрсе, татулық пен береке сақталған ортадан шыққан маман ғана қоғамға пайдалы істермен айналыса алады. Жазушы М.Әуезовтің «Ел боламын десен, бесігіңді түзе!» деген сөзі әрқашан жоғары мәнге ие. Осыны ескерсек, дүниеге келген әрбір баланың тағдырын мемлекеттік деңгейде отбасылық тәрбие жағдайында іске асыруды ойластыра отырып, дәстүрлі ұлттық тұрғыдағы отбасылық тәрбие жұмысын

жүйелі жүргізу қажеттілігі артып отыр.

Бала өскен сайын тәрбиесі де күрделеніп, оған қойылатын талаптар да күшейе түседі. Ақыл-ойының дамып, ұнамды мінез-құлық қалыптастыру ең негізгі міндетке айналады. Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру – қай кезде де қоғамдағы ауқымды һәм маңызды мәселе екені анық. «Бала тәрбиесі – басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы-мұң» деп ақын Абай айтқандай, тәрбие мәселесіне ерте жастан мән беру керек. Ғұлама ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынов: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек, күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», – дейді. Әрине, бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан-жақты педагогикалық өріс жаяды. Әсіресе, балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, өмір бойы естен кетпестей әсер қалдырады. Өйткені жас ұрпақтың жан-жақты қалыптасу негізі мектепке дейінгі тәрбиеден бастау алады.

Мектепке дейінгі тәрбие – үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Балабақшада балалар бірі тілалғыш, бірі қырсық, бірі көңілшек, бірі ашық жайдарлы болады. Бұдан аралас орта құралады. Міне, осы сан алуан мінезге қарай жалпы ортақ тәрбие – адамгершілік тәрбиесі беріледі. Тәрбиешінің қатысуымен әртүрлі ойындар, шүйіркелесу, достасу, бірге отыру, бірге тамақтану, бір-бірін құрметтеу, бір-біріне көмектесу сияқты жан-жақты тәрбие тетіктері қалыптасады. Баланың ойын кезіндегі белсенділігі, өзара қарым-қатынасы оның дамуына ықпал етеді.

Ата-ананың беделі, тәртібі, қарым-қатынасы баланың балабақшадағы қарым-қатынасына, тәртібіне, көңіл-күйіне әсер етеді. Ерте жастан-ақ балалар өзінің ата-аналарына еліктей бастайды, соларға қарап бой түзейді. Бұл – балаларды еңбекке баулуға қолайлы кезең. Балаға тән бір ерекшелік – олар естігені мен көргенін есте сақтағыш, тез қабылдағыш, сенгіш, еліктегіш, білуге құмар боп келеді. Мысалы, бала 1,5-2 жасынан жуынып-тарануға еліктеп, ұмтылады. 2-3 жасынан бастап іс-қимылында

тәуелсіз болуға, қолынан келсе де, келмесе де орындауға тырысады. Бірте-бірте бала еңбек әрекетінен тәжірибе жинай отырып, 4-5 жасында өз әрекетін жоспарлап, нәтижесін көруге тырысады. Егер ата-анасы баласын өзі киіндірсе, шешіндірсе, ойыншықтарын өзі жинаса, тәрбиенің тиімділігі төмен болады. Жақсы перзент – ата-ана қолындағы аманат. Егер бала қателессе, 1-2 рет көрмегенсіп, білмегенсіп қоя салған дұрыс. Егер жаман іске үйір болып әдеттенсе, кемшілігін айтып, ұялтып, түсіндіру қажет. Бала әкесінен сескеніп, сабырлылығы, шыдамдылығы мен айбаттылығынан өнеге алғаны абзал. Отбасында әке-шешенің ықыласына бөленіп, тәрбие көрген бала балабақшада да, мектепте де өз ісіне жауап бере алады. Үйде ойын еркін айта алатын бала қай жерде де жасқаншақ болмайды.

Тәрбие ісін қамтымаған білім оқушының рухани дамуын қамтамасыз етпейді, қажетті адамдық құндылықтарды қалыптастырмайды. Сондықтан баланы жан жақты тәрбиелеу, оны толыққанды жеке тұлға ретінде тәрбиелеу – әрбір ата-ана мен тәрбиешінің басты міндеті. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің 48 тармағында баламен жұмысты ата-аналармен өзара ынтымақтастықта құру аса маңызды. Бұл – іс-шаралар өткізу ғана емес, ата-аналарды оқу процестеріне тату қажет. Оның өзегі, ең алдымен, ұлттық салт-дәстүр, рухани құндылықтар болуы тиіс. Түптеп келгенде балабақшада берілген тәрбие еліміздің болашағына тікелей әсер етеді.

Болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырып отырған кез келген мекеме үшін отбасымен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы өте зор. Отбасы баланың болмысы қалыптасатын орын болғандықтан балабақшаның оқу-тәрбие жұмысында ата-аналармен жұмысқа көңіл бөлу маңызды. Ондағы мақсат – қос тараптың ынтымақтастығы арқылы оқу-тәрбиелеу жүйесін ұйымдастырып, әр баланы заман талабына сай тұлға болуға баулу. Рухани жан дүниесін байытып, бойындағы құндылықтарды дамыту да болашақ ұрпақ қалыптастыруға ықпал етеді. Осы орайда

тәрбиеші балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес беру, балабақшадағы іс-шараларға, оқу-тәрбие жоспарын жасауға, күнделікті оқу-тәрбие жұмысына ата-аналарды қамтуы қажет деп есептеймін. Мысалы, ашық есік күндері ата-ана баласының жетістіктерін немесе қиындықтарын көреді, балада қиындық тудыратын мәселелермен танысып, оны шешуге ата-аналармен ақылдаса отырып көмектеседі.

Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отырады. Әртүрлі жаңа технологияларды бала тәрбиесінде қолданып, заман талабына сай бала тәрбиелеу үшін ата-ананың да сол заманға сай жаңаша технологияларды меңгеруі шарт. Жоспарға сай мектепке дейінгі білім беру ұйымында ата-аналар жиналысы өтіп тұрады. Өйткені ата-аналар қауымын балабақша жұмысымен таныстыру, бала тәрбиесіне белсендіре араластырудың мәні зор.

Балаларды оқу мен тәрбиеге баулуда біздің балабақша балғын бүлдіршіндерді жаңа заманның тұлғасы етіп тәрбиелеп шығару бағытында ата-аналармен тығыз

байланыста жұмыс атқарып келеді және бұл іс-әрекет әлі де жалғаса бермек. Ата-анамен бірігіп жұмыс жасау тәрбиешінің жұмысын жеңілдетіп, баламен қарым-қатынасын жақсартады. Әке де, ана да баларының жан дүниесіне үңіліп, мінез құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Өкінішке орай өз баласымен ашық сөйлесе, сырласа білмейтін ата-аналар болады. «Өйткені екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді» дегенді алға тартады. Бірақ бұл дұрыс емес. Баланың бас ұстазы – ата-ана.

Қорыта айтқанда, тәрбиенің сан алуан келелі мәселесін шешетін, қарапайым дағдыларды бала санасына орнықтыратын алғашқы білім баспалдағы – балабақша. Балабақшада халық педагогикасын бала бойына сіңіре отырып имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейміз. Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болғандықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс та соншалықты нәтижелі болады.





Досатова Кульшат Джанбулатовна,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №69 Бөбекжай бақшасы» КМҚК тәрбиеші

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН LEGO ҚҰРАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымы жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың құрастыру қабілеттерін дамыту үшін LEGO конструкторын пайдалану мүмкіндіктері қарастырылады. Мақалада қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беруде пайдаланылатын Лего конструкторының түрлері сипатталған. Мақалада LEGO конструкторын мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал ететін тиімді оқу құралына айналдыра, мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын дамытудағы LEGO конструкторының рөлі талқыланады. Балалардың ойлау қабілеті мен қол моторика сенсорикасын іске асыру үшін құрастыру ойынының пайдасы көп. Құрастыру барысында құрастырған заттарын қарап, оларды өзара салыстырады, бөліктерге жүктейді, олардан ұқсастық пен айырмашылықты көреді, негізгі құрастыру бөліктерін табады, талдау жасауды меңгереді.

Түйін сөздер: LEGO конструкторы, мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, мектеп жасына дейінгі баланың өнімді қызметі.

LEGO құрастыру балалардың жоспарлы ойлау іс-әрекетін дамытып қана қоймай, іскерліктің қалыптасуындағы маңызды фактор болып табылады. Балалар құрылысты немесе бұйымды құрастыра отырып олардың қандай болатынын ойша елестетеді және де оларды қандай жүйеде қалай жасайтынын жоспарлайды. Құрастыру кезінде балалардың бойында еңбексүйгіштік, дербестік, талапкерлік, ұйымдастырушылық, мақсатқа жету үшін табандылық секілді қабілеттері қалыптасады.

LEGO – конструктордың көмегімен балалар күрделі математикалық білімді игере отырып, қозғалыс үйлесімін, ұсақ қол моторикасын дамыта отырып, көзді

жаттықтыра, өздерінің бірегей әлемін жасай алады. Құрастыру іс-әрекеті геометриялық денелерді және кеңістіктік қатынастардың қасиетін балаларға практикада тануға көмектеседі. Педагогтің алдында маңызды міндет бар, ол – балалардың әлеуетті қабілеттерін ашуға мүмкіндік беретін қызықты қызметке тарту үшін оларға қажетті жағдайлар жасау.

Біздің ортаңғы топта әртүлі конструкторлардың жиынтығы көп. Бұл балалардың кіші топтағы кезінде олардың дамуына өз үлестерін қосу үшін ата-аналар лего конструктор сыйлады. Лего конструкторлар балалардың жас ерекшеліктеріне сай. Біздің топтың конструкторларын атап кетсем:

- Лего Дупло, әр балаға жеткілікті, ұсақ және үлкен – 4 жиынтығы бар.
- Магнитті үлкен конструктор, 100 бөлшектен тұратын –1 жиынтығы бар.
- Магнитті шағын конструктор –1 жиынтығы бар.
- Келесі конструктордың түрі «Гүлденген бақшамыз» –1 жиынтығы бар,
- Үстел үстінде ойнайтын мозайка –2 жиынтығы бар.
- Ағаш конструктор жиынтығы –1 жиынтығы бар.

Балалар осы конструктор көмегімен танымдық-зияткерлік, шығармашылық, денсаулық, коммуникативтік, экологиялық дағдыларын дамыту үстінде. Осы дағдыларды дамыта отырып балаларда ұсақ қол моторикасы, олау қабілеті, есте сақтауы, қиял, кеңістікті бағдарлау қасиеттері дамиды. Балалардың сөйлеуі қолданылатын жаңа терминдермен, түсініктермен байиды (төрт қырлы бөрене, куб, пирамида), түсініктерді дұрыс қолдануға балалар жаттыға түседі (жоғары-төмен, ұзын-қысқа, жалпақ-дөңес, кең-тарғ үлкен-кіші), бағыттарды да дәл айтатын болады (үсті-асты, оңға-солға, төмен-жоғары, артынан-алдынан, жақын). Іс-тәжірибие жүзінде біз балалармен түрлі ойындарды жүзуге асыру үстіндеміз.

Мысалы: «Темір жол станциясы» ойынында балалар қызғушылықпен ойнайды.

Бұл ойында балалар Дупло конструкторды қолданды, балалар өздері темір жол станциясын жасайды, бір балалар үй құрастырып жатса, екінші балалар поезд бөлшектерін жинап, машиналар, поезд т.б модельдерін құрады. Темір жол станциясын жасау үшін балалар жол белгілерін орналастырды, темір жолдың шеттеріне ағаштарды қойып үйлерді орналастырды. Темір жол станциясын жасап болғаннан кейін сюжеттік-рольдік ойындарын ойнады.

Лего құрауыштарымен балалар кілем үстінде ойнайды, бұл кезде балалар өздерін еркін сезініп, өздері қалаған заттарды құрастырып қуанышқа бөленеді, елестету негізінде жаңа объект жасауға талпынады. Бұл құрауыштарды тек балабақшада тәрбиешісімен ғана емес, өз үйінде ата-анасымен ойнап та құрастыра алады.

Бұл ойында кеңістікте дұрыс және жылдам қозғалуды үйренеді;

Балалар бір-бірімен араласып, бірігіп жасауға, бірлескен ойындарды ойнауға үйренеді; Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытады;

Өзінің және өзгенің еңбегін құрметтеуге дағдыланады.

Келесі ойын «Бақша мамаңдығы», конструктордың түрі «Гүлденген бақшамыз». Дербес әрекетте және ұйымдастырылған іс-әрекетте ойнауға болады. Бұл ойында балалар қызғушылықпен ойнауға кірісті, біріншіден олар гүлдердің сабақтарын құрастырып, содан кейін бақшаға орналастырды, орналастырғаннан кейін Бақшаның мамандығының сюжеттік ойыны ойнады. Қыздарға ойын өте қызықты болды және осы ойын арқылы шығармашылық ойларын, түстерді ажыратып, ұсақ қол моторикасын дамытып, ойлау қабілеттерін, ойлау кеңістігін дамытып, қызғушылықтары артты.

«Біздің сүйікті саябақ» ойыны.

Ойында балалар ағаштан жасалған конструктор түрін қолданады. Балалар өз еркіндігімен саябақ жасап машиналарға арнап гараждар тұрғызды. Конструктор ойыны арқылы өздерін еркін ұстап, бір-бірімен сөйлесіп, бір-біріне кеңес беріп, әр бала құрастыру жолдарына қатысып, өз жасаған жолдарын көрсетіп қуанып, өз ойларын ортаға салып, бір бала гаражын жасап оған машинасын кіргізіп жатса, келесі бір бала үй құрастыруға кірісті. Саябақтағы аллеяны балалар дұрыстап қадағалап отырды. Ойын балаларға өте қатты ұнады. Лего құрастырмақ ойындары арқылы балалардың ойлау қабілеті, ұсақ қол моторикасы, қиялы, кеңістік, шығармашылық қабілеттері дамиды. Ұжыммен жұмыс жасауға қалыптасады.

«Асханадағы жиһаз» ойынына тоқталсақ...

Балалар Лего Дупло конструктордан үстел мен орындықтар құрастырады, бірігіп асханаға жиһаз жасайды. Балалар өздеріне ыңғайлы түрлі түсті конструктормен құрастырады, қызыл түсін алып үстел, ал жасылдан орындық жасайды. Кей бала қиялға ерік беріп, сондай заттарды түрлі-

түсті легодан құрастырды. Құрастыруға қиналған балаларға дайын схема берілді.

Бұл жерде балалар өте тығыз қарым-қатынаста болды өздерін еркін ұстап, кеңістік пен түстерді ажыратып, есте сақтау қабілеті мен ойлауын, ұсақ қол моторикасын, тіл байлығын, шығармашылық қабілеттерін арттыра түсті.

«Сиқырлы пішіндер» ойыны.

Бұл ойын ұйымдастырылған іс-әрекетінде және дербес әрекетінде қолдануға болады.

Балалар магнитті конструкторды қолданды

Бұл ойында өздері қиялымен пішіндер жасап, бір бірімен ойнады, геометриялық пішіндерді қайталады. Осы пішіндерден үй құрастырып, ғажайып пішіндер жасады. Құрастыру барысында балалар бірге ойнап отырған достарына сұрақтар қойып, әңгімелесті. Балалар магнитный конструкторды ойнағаннан жақсы әсер алады. Осы конструктор арқылы біздің балалар геометриялық пішіндерді қайталайды, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытады.

Біздің балаларға Лего конструктор өте пайдалы, бос уақытта балалар кілем үстінде, үстел үстінде конструктормен ойнайды. Мысалы жануарлардың бейнесін, машиналарды, үйлерді өздерінің қалауымен құрастырып, еркін ойнайды.

Үндестік жобасын іске асыру барысында ата-аналармен балалардың қол моторикасын, ойлау қабілетін, есте сақтауларын жақсарту барысында ата-аналармен осы ай бойы жұмыс жасадық, ең біріншіден ата-аналар жиналысына шақырып мастер класс көрсеттік. Үндестік жобасы бойынша ата-аналарға лего құрастырмақтың пайдасы туралы, балалардың ой-өрісі қалай дамыйтындығы, қол моторикасы даму арқылы балалардың есте сақтауы, ойлау қабілеті, қиялының жақсы дамытындығын туралы пайдасы мен қасиеттері бойынша

кеңестер мен әңгімелер ойындар жүргіздік.

Сонымен қатар лего құрастырмақ тек қана баланың танымдық, шығармашылық дағдыларын дамытып қана қоймай балалардың денсаулықтарын дамытуға өз пайдасын тигізеді. Біз топта осы Лего конструкторларын пайдалана отырып балалардың денсаулықтарын дамыту үшін балалармен түрлі тыныс алу, саусақ жаттығуларында қолданамыз. Тыныс алу жаттығуларында балалардың тыныс алуларын жақсарту мақсатында құрастырмақты қолдану арқылы түрлі кедергілерден түтікше бойынша дұрыс тыныс алуға қалыптастырымыз.

Қортындылай келсем, конструктордың пайдасы өте мол, конструктордың көмегімен балалар кез келген қиялдарды іске асыра алады, өзінің қайталанбас әлемін құра алады, тіпті ойланбастан, күрделі физикалық және геометриялық заңдарды меңгере алады, моториканы, қимылдарды үйлестіруге жаттығады және көзбен мөлшерлеп өлшеу қабілеттері дамиды. Ұсақ қол моторикасын дамыта отыра біз баланы сөйлеуге, толық сөйлемдерді айтуға, өз ойын дұрыс жеткізе білуге баулимыз.

Лего құрауыштарымен бала балабақшада үстел не кілем үстінде ойнайды, бұл кезде бала өзін еркін сезініп, ойындағы жасағысы келгенді жасап, қуанышқа бөленеді, елестету негізінде жаңа объект жасауға талпынады. Бұл құрауыштарды тек балабақшада тәрбиешісімен ғана емес, өз үйінде ата-анасымен ойнап та құрастыра алады.

Себебі, Лего технологиялары – тек мектепке дейінгі мекемелерде ғана емес, жалпы білім беру процесінде де қолдануды қажет ететін әдіс. Сондықтан, жаңа заман технологияларын жетік меңгерген, жан-жақты біліммен қаруланған маман иесін біз балабақша қабырғасынан бастап дұрыс тәрбиелеуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. В.И. Турченко «Дошкольная педагогика» Учебное пособие - 5 изд. / В.И. Бедфорд А. «Большая книга LEGO» - Манн, Иванов и Фербер, 2014 г.
2. М.С.Ишмаковой «Конструирование в дошкольном образовании в условиях введения ФГОС» - ИПЦ - М.: Маска, 2015 г.



Сеитова Алтын Талиевна,

СҚО Петропавл қ., «Ақ қайың» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
меңгерушісі, білімі – жоғары



Ажданова Роза Маратовна,

СҚО Петропавл қ., «Ақ қайың» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
қазақ тілі педагогі, білімі – жоғары

КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ МЕКТЕПАЛДЫ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУІН ДАМУ

Аңдатпа. Мақалада 5-6 жастағы балалардың үйлесімді сөйлеуін дамытуға бағытталған компьютерлік ойындар бойынша зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру туралы айтылады. Мектеп жасына дейінгі оқушылардың үйлесімді сөйлеуінің даму деңгейінің педагогикалық диагностикасы келтірілген. Эксперименттік диагностика нәтижелі жұмысқа негізделген, онда компьютерлік ойындарды қолдана отырып жұмыс жүйесін іске асырудың бастапқы және соңғы кезеңі көрсетілген.

Түйін сөздер: сөйлеуді дамыту, байланыстырып сөйлеу, компьютерлік ойындар, мектепалды жастағы балалар, мектепке дейінгі білім беру ұйымы.

Қазіргі заманда мектепке дейінгі білім беру жүйесінің жиі дамуына байланысты балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту проблемасына педагогикалық қоғамдастық және балалардың ата-аналарының (немесе заңды өкілдерінің) назары аударылады. Балалардың байланыстырып сөйлеу мәселесін шешудегі қажеттіліктің өзектілігі бірнеше себептерге байланысты, оның арасында аурудың және мектепке дейінгі жастағы баланың даму қарқынының күрт төмендеуі бірінші орында, бұл дыбысты айтудың бұзылуымен, сөздік қордың азаюымен, тілдің грамматикалық формаларын меңгеру қиындықтарымен

көрінеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында коммуникативтік-тілдік дағдыларда байланыстырып сөйлеу дағдысы бойынша мектепалды жастағы бала әртүрлі сөз таптарын, эпитеттер мен салыстыруларды қолдана отырып, монолог құра алу дағдысына ие болуы тиіс.

Л.С. Выготскийдің, А.Н. Гвоздев, А.В. Запорожец, Д.Б. Элькониннің еңбектерінде балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытудың жас ерекшеліктері, сонымен қатар, сөйлеуді дамыту үшін осы жас кезеңінің ерекшелігі, сол жастағы кезеңнің бірегейлігі, сезімталдығы баяндалады.

Мектепке дейінгі білім берудің әдістемелік қоржынында жинақталған балалардың біртұтас сөйлеуін дамыту бойынша зерттеулердің бірі Я.Абдуллаеваның Америкалық жаңашыл дисциплиналық зерттеулері журналында жарық көрген «The importance of computer programs in forming the vocabulary of children with speech deficiencies» еңбегінен де байқауға болады. Халықаралық зерттеулерге сүйенсек, О.Г.Приходько, И.А.Филатова, А.В.Пьянкованың «Using Digital Technologies for Formation of Oral Speech in Hearing-Impaired Pre-School Children by a Speech Therapist» туралы жазылған еңбегі Халықаралық конференцияда жарық көрді. Автор өз еңбегінде есту қабілеті нашар мектеп жасына дейінгі балаларда ауызша сөйлеуді қалыптастыру үшін цифрлық технологияларды қолданудың маңызын атап өткен.

Мектеп жасына дейінгі балаларда байланыстырып сөйлеуді дамыту саласындағы үздіксіз ізденістерге қарамастан, балабақшадағы балаларда байланыстырып сөйлеуді дамыту міндеттерін шешуге бағытталған жаңа құралдар мен әдістер бар. Осындай жаңа құралдардың бірі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар болды.

Мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мүмкіндіктері туралы зерттеулер де көп ғалымдардың еңбектерінде сөз болады.

«Ақ қайың» бөбекжай-бақшасы МКҚК мектепалды топтарының балаларымен андроид жүйесіндегі Google Play қосымшасында құрылған қазақша ойындар тізбесін қолдану арқылы мектепалды жастағы балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуда компьютерлік ойындардың тиімділігін зерттеу жұмысы өткізілді. Ойынды ойнау арқылы бірнеше тілдік-коммуникативтік компоненттер дағдысын дамытуға бағытталған мақсаттар анықталды:

- Қарым-қатынас мәдениеті;
- Грамматикалық құрылым;
- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті;
- Сөздік қор;
- Байланыстырып сөйлеу.

Зерттеу жұмысын бастамас бұрын мектепке дейінгі жастағы балаларға ассоциациялық суреттер тізбесін ұсыну арқылы таңдау ұсынылды. Карточкалар тізбесінде екі ойын суреттелген. Бірі өзіне таныс қалыпты жағдайда ойналатын ойын түрі, бірі – компьютерлік ойын түрлері. Осылайша, баланың қызығушылығы заман ағымымен компьютерлік ойындарда екендігін аңғарамыз.

Келесі кезекте Г.А.Урунтаеваның диагностика әдістемесінің бірі «Оқиғаны аяқта» әдісі арқылы балаға: «Мен әңгіме айтамын, сен аяқташы» дей отыра, баланың сөздік қоры, байланыстырып сөйлеуінің деңгейіне шолу жүргізуге болады.



Нәтижесінде балалардың сөйлеу тілінің, оның ішінде байланыстырып сөйлеу дағдысының айтарлықтай жоғары емес екендігін көреміз.

Өткізілген диагностика балаларда тек 21% байланыстырып сөйлеуді дамытудың жоғары деңгейіне ие. Бұл балалар үшін кейіпкер өз ойларын нақты және дәйекті түрде қайталайды, сипаттамасы толық, логикалық, маңызды ақпарат ашылады. Бейнелі сөйлеуді қолданады, сюжеттің дамуы композициясын сақтайды. Қабылдағанға өз көзқарасын білдіре білу. Сөздіктің лексикалық қоры осы жасқа жеткілікті, сипаттамалық әңгіменің байланысы бар.

Байланыстырып сөйлеудің қалыптасуының орташа деңгейі балалардың 57 % - анықталған: олар қарапайым сөйлеумен сипатталады, белсенді сөйлеуде қарапайым сөйлемдер қолданылады. Өзге тіл аралас, ересектер ынталандырушы көмек көрсеткеннен кейін ғана қазақ тілінде сөйлейді. Жұрнақтардың жекеше және көпше түрі қалыптаспаған. Тапсырмаларды орындау кезіндегі қателер ересектердің көмегімен түзетіледі.


Төменгі деңгейдегі 22% балалар еш нәрсеге зауқы жоқ, қызығушылық танытпайтындар болып табылды.

Сол себепті мектепалды жастағы

балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруға әкелетін ыңғайсыз бірқатар себептер бары анықталды:


- байланыстырып сөйлеуді дамыту бойынша міндетті жұмыстың болмауы;
- инклюзивті емес топтағы балаларда сөйлеу мәселелерін уақтылы анықтамау;
- балалардың педагогикалық процесіне ата-аналардың жеткіліксіз қатысуы.

Жоғарыда аталған себептерді ескере отырып, Google Play қосымшасында құрылған қазақша ойындар тізбесін қолдану арқылы мектепалды жастағы балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуда компьютерлік ойындардың топтамасы жасалды. Компьютерлік ойындардың оң жақ тұстарын анықтау арқылы балаларға өз ойларын, сезімдері мен тілектерін білдіруді, қарым-қатынаста өз пікірлерін білдіруді, сөйлеу құрылымының грамматикалық жағын үйрету жұмыстары қолға алынды. Тілдік-коммуникативтік компоненттердің бірі байланыстырып сөйлеу дағдысын дамытуға бағытында ойындар топталды: «Сөз табу», «4 сурет 1 сөз», «Ұлы дала ойыны», «Қызықты әліппе», «Қазақша сөздер», «Не артық?», «Интернетсіз қазақ ертегілері», «Қазақша әліппе», «Қазақ хандары» және т.б.



Аталған компьютерлік ойындар жинағында балаға өзіне деген сенімділікті сезінуге мүмкіндік беріледі және бұл оны сәттілік жағдайына қояды. Тапсырмалардың көпшілігінде бірнеше қиындық деңгейлері бар, бұл күшін бағалауды және оң нәтижелерге қол жеткізуді үйренуге мүмкіндік береді. Ал педагог бақылаушы, бағыттаушы, тілдік дамыту жұмысын айқындаушы болады.

Осылайша, зерттеу жүргізілгенге дейін және одан кейін зерттелген мектеп алды топта байланыстырып сөйлеудің даму деңгейін салыстырмалы талдау ойынды қолдануда айқын оң динамика бар екенін көрсетті. Сонымен, зерттеу тобындағы балалардың 34% – ы жоғары деңгейде, орташа деңгейде 60%, төмен деңгей 6%.



Алынған мәліметтер компьютерлік ойындарды қолдана отырып, келесідей қорытынды жасауға болады:

Біріншіден, 5-6 жастағы балаларда байланыстырып сөйлеуді дамыту бойынша жұмыс тиімді екендігіне көз жеткізуге болады.

Екіншіден ақпараттық технология қарқынды дамыған заманда телефонға

тәуелділіктен қашып құтылмайтынымыз белгілі, десек те, пайдалы тұстарын пайдалы мақсатқа жұмсау әлдеқайда маңызды.

Үшіншіден, берілген зерттеу деректері арқылы мектепке дейінгі білім беру ұйымында мектепке дейінгі жастағы балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытудың оңтайлы әдісін пайдалану мүмкіндігі туды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669#z>
2. Психология ғылымдарының докторы Г.А.Урунтаеваның диагностикалық әдістемесі <http://raguda.ru/vs/osobennosti-dagnostiki-doshkolnogo-vozhraста.html>
3. Красильникова Лариса Владимировна, Вялова Наталия Вячеславовна Использование компьютерных игр в развитии речи детей дошкольного возраста // ПНУО. 2018. №3 (33). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-kompyuternyh-igr-v-razviti-i-rechi-detey-doshkolnogo-vozhraста>
4. Нуриева Алеся Радиевна, Миннуллина Розалия Фаизовна, Газизова Фариди Самигуллиовна ФОРМИРОВАНИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА У ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ПОСРЕДСТВОМ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИКТ В ДОО // Проблемы современного педагогического образования. 2021. №70-4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-poznavatel'nogo-interesa-u-detey-starshego-doshkolnogo-vozhraста-posredstvom-ispolzovaniya-ikt-v-doo>
5. К. П. Зайцева Организация речевого развития детей в образовательной деятельности с использованием информационно-коммуникационных технологий // Отечественная и зарубежная педагогика. 2019. №1 (57). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/organizatsiya-rechevogo-razvitiya-detey-v-obrazovatel'noy-deyatelnosti-s-ispolzovaniem-informatsionno-kommunikatsionnyh-tehnologiy>



Сапешова Улмекен Казимоллаевна,
Атырау қаласы
Жекеменшік «Анашым» балабақшасының әдіскері

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫНДАР БАЛАНЫ КРЕАТИВТІ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа: Мақалада ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті, баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы, балада тәрбие мен оқудың негізін қалыптастыратын да ойын әрекеті ретінде қолданылатын тиімді түрлері қарастырылған. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйым педагогтары қолданатын әртүрлі қаманауи әдіс-тәсілдер, соның ішінде, интеллектуалды ойындар жайлы баяндалады.

Түйін сөздер: интеллектуалды ойындар, викториналар мен стратегиялар.

Ойын – балалар үшін күрделі әрекет, ол білімді, ақылды ұйымдастыруды қажет етеді. Ал білімді бала қайдан шығады? Оған бала ойын арқылы өзі үйренеді, үлкендер де үйретуі тиіс. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы заттары, т.б. көптеген ерекшеліктері болады. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту құралдарының бірі – интеллектуалды ойындар.

Интеллектуалды ойын дегеніміз не?

Интеллектуалды ойын – баланың ақыл-ой қабілеті, яғни оның ақыл-ойы арқылы табысқа жететін ойын.

Интеллектуалды ойындар – бұл тек білім көзі ғана емес, сонымен қатар қуаныш, білім қорын көрсете білу, тапқыр болу және қиын нәрсені шешу. Интеллектуалды ойындар есте сақтауды, логикалық ойлауды, кеңістіктік қиялды дамытады, табандылықты, зейінділікті, мақсаттылықты, сондай-ақ белгісіздік жағдайында шешім қабылдау және олар үшін жауап беру қабілетін, демек, тәуелсіздікті дамытады. Интеллектуалды ойындар сәтсіздіктер мен қателіктерге дұрыс қарауды – себептерді талдауды, қорытынды жасауды және оларды кейіннен қолдануды

үйретеді. Ақылдан басқа, тапқырлық пен шығармашылық қабілеттер дамиды.

Интеллектуалды ойындар жүйелі және стратегиялық ойлауға үйретеді, талдау қабілетін дамытады, ең бастысы – балалар ішкі іс-қимыл жоспарын құруды үйренеді (ақыл-ойда әрекет ету). Бұл дағды жалпы ойлауды дамытудың кілті болып табылады және интеллектуалды ойындардың көмегімен оны дамыту оңай.

Интеллектуалды ойын кез-келген әрекет сияқты құрылымға ие, яғни оған мақсат, құрал, ойын процесі және нәтиже кіреді. Тәрбиеден басқа, ол танымдық және дамытушылық мақсатты көздейді. Ойын тәрбиелік және ойын сипатына ие, сондықтан зияткерлік ойындар балаға жай ғана көңілді емес, қызықты және ерекше іс-әрекет болып көрінеді.

Ал енді интеллектуалдық ойынның негізгі түрлеріне тоқталайық. Барлық интеллектуалды ойындар екі блокқа бөлінеді: *викториналар мен стратегиялар*.

Викториналар – дұрыс жауаптардың ең көп саны арқылы табысқа жетуге болатын интеллектуалды ойын түрі. Викториналар

тест және сюжеттік болып бөлінеді.

Тест викториналары – мұнда қатысушылар сұраққа жауап беріп, бағасын алады (чип, ұпай, мақтау). Мұндай ойындарды теледидардан көруге болады - «Не, қайда, қашан?».

Сюжеттік викториналар қызықтырақ. Мысалы, олар ойын сюжетін ойлап табады (бөтен планеталықтар, Қызыл телпек). Балалар Қызыл телпек, қасқыр болады. Қиял іске қосылады, театрландыру элементтері қолданылады.

Ойын эмоционалды болады. Мысал ретінде «Тарих дәңгелегі» сияқты телебағдарламаларды келтіруге болады.

Стратегия – интеллектуалдық ойынның бір түрі болып табылады. Мұнда табысқа қатысушылардың өз әрекеттерін дұрыс жоспарлауы арқылы қол жеткізіледі. Бұл табысқа апаратын жол.

Жауынгерлік стратегияда – табысқа жету жолы жауды жоюды дұрыс жоспарлаудан өтеді (шахмат, дойбы).

Экономикалық стратегиясында – сатып алу және сату әрекеттері арқылы (басқарушы, сатушы).

Рөлдік ойын стратегиясында – рөл бойынша ойыншыға қойылған міндеттермен анықталған мақсаттарға ең жақсы жету арқылы. («Яхта» ойыны). Рөлдік ойын стратегиясы сценарий мен импровизацияланған бағыттар бойынша дамиды.

Сценарийлік стратегияда – ойынның дамуына қатаң сәйкес импровизацияға рұқсат етіледі.

Импровизациялық стратегия – жалпы ережелерді белгілейді және балалардың өздері импровизация тақырыбын таңдайтын оқиғаларға бастапқы серпін береді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалдық дамуына бағыт-бағдар беретін ересектердің алдында мынадай міндеттер тұр:

- балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін жинақтауға жағдай жасау,
- жас ерекшеліктерін ескере отырып, ақыл-ой қабілеттерін, білуге құмарлықты, шығармашылықты, танымдық қызығушылықты дамыту.

Ең бастысы, балаға дайын білімді таңу емес, оларды алу жолдарын көрсету, таным процесін қызықты, нәтижесін тиімді көрсету.

Әр жастың өзіндік ерекшеліктері бар және шығармашылық ойындар соларға сәйкес келеді. Мектепке дейінгі жастағы интеллектуалдық ойындардың барлық түрлерінің ішінде дидактикалық, сөздік, рөлдік және оқу ойындары кеңінен қолданылады.

Кіші топта сенсорлық тәрбиеге және ұсақ моториканы дамытуға көп көңіл бөлінеді. Кіші топ балаларының ойнайтын ойындары: «Балықшы», «Терезелерді жап», «Гүлдер». Сондай-ақ, балалар пирамидаларды, бөлінген суреттерді, мозаикаларды жинайды. Олар шілтерлермен, ілмектермен ойнайды.

Екінші кіші тобындағы балалар объектілер арасындағы ең қарапайым байланыстар мен тәуелділіктерді меңгереді. Сонымен, олар заттарды түстеріне қарай, түстерді пішініне қарай, пішінді өлшемі бойынша бірдей заттарды орналастырады (топтайды). Мұндай жастағы балалармен «Бірдейін ажырат», «Бірдейін тап», «Не айырмашылығы бар», «Жоғалған затты тап», «Өрнекті бүкте», «Не өзгерді» ойындарын ойнатуға болады.

Ортаңғы топтың балалары заттардың қасиеттерін: түсін, пішінін, өлшемін, кеңістікте орналасуын, оларды білдіретін белгілерді меңгереді. Заттарды бірнеше қасиеттеріне қарай топтастырып, жіктейді. Балалар екі-үш белгі бойынша заттардың топтарын салыстыру және жалпылау, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу дағдыларын меңгереді. Олар объектілер арасындағы қатынасты саны, орналасуы және басқа белгілері бойынша ашады. Бұл біршама күрделі, бірақ ойлау мазмұнын дамытуға қолайлы мазмұнды дамыту көрнекі түрде берілген логикалық және сөздік тапсырмаларды шешу арқылы жүзеге асырылады. «Өрнекті бүкте», «Түрлі-түсті ойыншықтар», «Сиқырлы фигуралар», «Артықты тап» ойындары қолданылады.

Ересек және мектепалды топтары балаларына әртүрлі объектілерді өз бетінше талдау, оларды салыстыру,

жалпылау дағдыларын дамытуға басты назар аударылады. Зияткерлік ойындар балалардың зейінін, есте сақтауын, қиялын, шығармашылық көріністерін, дербестігін, тұлғалық дербестігін, кеңістікте бағдарлануын дамытуға ықпал етеді. Бұл жаста «Танграм», «Дойбы», «Шахмат» математикалық ойындары, саяхат ойындары кеңінен қолданылады.

Интеллектуалды ойындар.

Кюизенер таяқшалары - әртүрлі мөлшердегі түрлі-түсті таяқшалар жиынтығы, олардың көмегімен балалар сан туралы идеяларды, санау негіздерін, заттарды өлшеу қабілетін дамытады. Мектеп жасына дейінгі балалар сандардың құрамын тез есте сақтайды, арифметикалық амалдардың мәнін түсінеді. Дидактикалық материалды бельгиялық математик х. Кюизенер жасаған. Ойын барысында балалар мұндай ұғымдарды игереді: арасында, ұзағырақ, кеңірек, біреуі бірдей емес, бірдей, үлкейту, әрқайсысы және т.б. жиынтық 241 таяқшадан тұрады.

Дьеништің логикалық блоктары.

Логикалық блоктарды венгр математигі және психолог Золтан Дьенеш ойлап тапты. Блоктармен ойындар қол жетімді, көрнекі түрде балаларды нысандардың пішінімен, түсімен, өлшемімен және қалыңдығымен, математикалық көріністермен және информатика бойынша алғашқы біліммен таныстырады. Балаларда ойлау әрекеттерін дамыту (талдау, салыстыру, жіктеу, жалпылау), логикалық ойлау, шығармашылық және танымдық.

Пазл ойындары. Танграм.

Алғашқы ежелгі пазл ойындарының бірі. Отаны - Қытай, жасы - 4 000-нан астам жыл. Пазл-7 бөлікке бөлінген шаршы: 2 үлкен үшбұрыш, бір орта, 2 кішкентай үшбұрыш, шаршы және параллелограмм. Ойынның мәні-Мозаика қағидасы бойынша осы элементтерден барлық фигураларды жинау. Барлығы 7000-нан астам түрлі комбинациялар бар. Олардың ішіндегі ең көп тарағандары-жануарлар мен адамдар бейнелері. Ойын қиялды ойлауды, қиялды, комбинаторлық қабілеттерді, сондай-ақ

көзбен бүтін бөліктерге бөлу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

«Листик» ойыны.

9 элементке бөлінген адам жүрегінің немесе ағаш жапырағының схемалық бейнесін еске түсіретін күрделі конфигурацияның геометриялық фигурасы. Ең қызығы бұл жұмбақтың элементтерінен әртүрлі көлік түрлерінің силуэттері шығады. Алынған суреттер балалар суреттеріне ұқсайды (иттер, құстар, ер адамдар). Қарапайым бейнелі фигураларды жасай отырып, балалар пішінді қабылдауды, фоннан фигураны, объектінің негізгі белгілерін көрсетуді үйренеді. Пазл көзді, аналитикалық-синтетикалық функцияларды, қиялды (репродуктивті және шығармашылық), визуалды-моторды үйлестіруді, ережелерге сәйкес жұмыс істеуді дамытады.

Воскобовичтің әдістемесі.

Воскобовичтің алғашқы ойындары 90-шы жылдардың басында пайда болды. Жыл сайын олардың саны артып келеді – «Мөлдір шаршы», «Мөлдір Сан», «Домино», «Көбейту планетасы», «Ғажайып басқатырғыштар» сериясы, «Математикалық себеттер». Алғашқы әдістемелік ертегілер пайда болды. Воскобович технологиясы-бұл практикадан теорияға дейінгі жол. Бір ойынның көмегімен көптеген білім беру мәселелерін шешуге болады. Бала өзіне Байқаусыз сандар мен әріптерді меңгереді; түсін, пішінін таниды және есте сақтайды; қолдың ұсақ моторикасын жаттықтырады; сөйлеуді, ойлауды, зейінді, есте сақтауды, қиялды жетілдіреді.

Шахмат.

Шахмат-есте сақтау қабілеті мен логикалық ойлауды дамытуға көмектесетін ежелгі және өте қызықты ойын. Бұл баланың көкжиегін кеңейтудің тамаша мүмкіндігі, бос уақытында әртүрлілікті енгізудің тамаша құралы, баланың дамуын жеделдету. Шахмат ойын түрінде зияткерлікті дамытуға мүмкіндік береді. Ойын ойлауды дамытады, баланы жалпылауға және салыстыруға, қорытынды жасауға үйретеді. Шахмат ойнауды үйрену табандылық, ұқыптылық

және ұйымдастырушылық сияқты қажетті қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Дойбы.

Дойбы ең зияткерлік ойындардың бірі ретінде танылған, сондықтан, ең алдымен, балалардың ақыл-ой белсенділігін ынталандырады, олардың логикалық ойлауына ықпал етеді, кеңістіктік қиялын, есте сақтау қабілетін және зейінін дамытады, бұл мектепке дайындық үшін өте маңызды. Мектепке дейінгі жастағы балалардың көпшілігі табиғаты бойынша өте белсенді болғандықтан, бұл ойын балалардың табандылығы сияқты сапаны

қалыптастырады. Сондай-ақ, бұл ойын балаларда болашақ өмірі үшін маңызды болып табылады.

Ойын – бұл еркін және өзіндік әрекет, ол баланың жеке қызуғушылығынан туады, баланың жеке қажеттілігі мен шектеулі мүмкіндіктері ашылады.

Адам меңгермейтін білім бар ма?


Жойқын күшті тындырар күшің барда.

Оқы, үйрен, жас ұрпақ, бәрін меңгер,

Алға қойған мақсатың, ісің барда! – дегендей, интеллектуалдық ойын – бұл тек білім бұлағы ғана емес, ептілік танытып, қиындықтан жол тауып, өз біліміңді көрсетіп, жеткен жеңісіңе қуану.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыпченко М. В. «Формирование основ логического мышления у детей старшего дошкольного возраста»
2. <https://nsportal.ru/detskiy-sad/raznoe/2021/10/21/doklad-po-teme-intellektualnye-igry-kak-sredstvo-razvitiya-tvorcheskih>
3. <https://stavsad12.ru/>





Сейфуллина Алия Сейткалиевна,
Павлодар облысы, Екібастұз қаласы
«№28 сәбилер бақшасы» КМҚК меңгерушісі

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЕРТЕ КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа: Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда ерте кәсіптік бағдар беру мәселесі, оны мектепалды жастағы балаларға меңгерту мен мамандыққа баулу әдістері туралы айтылады.

Түйін сөздер: ерте кәсіптік бағдар беру, кәсіптік бағдарлау.

Бала қай жаста келешекте кім болатынын тандай алады? Әдетте, кәсіптік бағдар беру жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарында ғана басталады. Яғни, мамандық таңдауына бар жоғы 2-3 жыл уақыты болады. Бір мамандықты тандап, дипломын қолына алса да басқа салада жұмыс істейтіндер қаншама? Бірден бір себеп - баланың саналы таңдау жасауға уақыты жетпеуінде, сондай-ақ ұсынылатын мамандықтардың тізімі аз, олар туралы білімі де аз.

Ұлттық статистикаға сүйенсек, орташа есеппен 10 қазақстандықтың 6-ы ғана оқу барысында алған мамандығы бойынша жұмыс істейді. Жұмыспен қамтылғандардың 7% негізінен ешбір мамандықты оқымаған. Неліктен бұлай болды? Оның бір себебі, жастардың өздері тандап алған мамандық туралы қажетті деңгейде хабардар болмауында. Өз мамандығы бойынша келешекте жұмыс істей алмаған адам уақытын босқа өткізеді. Мәселен, соңғы деректерге сүйенсек, ең көп сұранысқа ие мамандықтар бұл: ІТ – маманы, тракторшы-машинист, жүргізуші, даяшы, сауда өкілі, қолөнер маманы, тиеуші, аспаз, тәрбиеші, кірпіш қалаушы, кеңсе меңгерушісі және

т.б. Үздік 5 мамандық қатарына агроном, инженер-конструктор, маркетинг менеджері, экономист, дәрігер (жалпы профиль), лайф-коучер, тренд-вотчерлер кірді. Ал мектеп түлектерінің көбіне таңдайтын мамандықтары: заңгер, журналист, дизайнер т.б. Соңғы кезде жастардың ұнататын бағыты блогер, авитолог, сторисмейкер, коуч тренерлер т.б да бар. [1. 67].

Осы деректерге сүйенсек, келесі тұжырымды шығара аламыз: заман талаптарына сай, білімді, қоршаған ортада табысты «Жаңа тұлға» (зерттеуші, өнертапқыш, кәсіпкер) адамды тәрбиелеуді мектеп жасынан бастаған жөн. Яғни, мектепке дейінгі жастағы балаларға ерте кәсіптік бағдар беру – заман талабы, болашақта табысқа жету жолындағы қадамдардың бірі. Мақсатты және жүйелі түрде жүзеге асырылған ерте кәсіптік бағдар беру жұмысы барысында балалардың мамандықтар әлемі туралы ой-өрісі кеңейеді. Бала бойында еңбекке деген қызығушылықты қалыптастырады, өзінің болашағы туралы арман туғызады, жақын туыстарының еңбек нәтижелерімен мақтануға мүмкіндік береді.

Балалардың ерте кәсіптік бағдарлануы ақпараттық, консультациялық сипатта

болады. Ойын әрекеті мектеп жасына дейінгі балалар үшін жетекші болып табылады. Ойнау кезінде балалар көбінесе ересектерге еліктейді: олар әдетте кәсіпте ойнайды. Бұл қызмет баланың болашақ әлеуметтенуінің шешуші факторы, болашақ кәсіби анықтаманың негізі бола алады.

Балаларды еңбекке тәрбиелеуде отбасы да үлкен рөл атқарады. Отбасындағы еңбекқорлықты тәрбиелеудің қолайлы шарты-ата-аналардың өз мамандығы бойынша табысты жұмысы. Ата-ананың жеке мысалы-бала үшін өте маңызды ынталандыру. Ата-аналардың жағымды мысалына ие бола отырып, балалар еңбекқор, атқарушы болуға ұмтылады, көмек көрсетуге, пайда әкелуге ниет білдіреді. Балаға өз кәсібі туралы, өз жұмысының қоғам үшін маңызы туралы айта отырып, балаға еңбекке, мүмкін болашақ мамандықты таңдауға итермелейтін моральдық мотивтер беріледі.

Мектеп жасына дейінгі балаларға ерте кәсіптік бағдар беру де дұрыс құрылған заттық - дамыту ортасының да рөлі зор.

Топтарда балаларды ересектердің еңбегімен таныстыру бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін ойын модульдері, рөлдік ойындар, дидактикалық ойындар, көрнекі материалдары бар арнайы орталықтарды ұйымдастырған жөн. Мұндай орталықтарда бала өзін байқауға, есте сақтауға,

салыстыруға, әрекет етуге, өз тәуелсіздігінде алға қойған мақсатына жетуге машықтана алады. Дұрыс құрылған міндеттер:

- тәрбиеленушілердің практикалық білімдері мен дағдыларын тереңдетуге;
- бүлдіршіндердің қызығушылықтары мен бейімділігін анықтауға;
- іс-әрекетке деген қызығушылықты дамытуға мүмкіндік береді.

Тәрбиеленушілердің отбасыларымен ынтымақтастық серіктестердің ұстанымдарының теңдігін, жеке мүмкіндіктер мен қабілеттерді ескере отырып, бір-біріне құрметпен қарауды білдіреді. Педагогтер мен ата-аналардың белсенді бірлескен жұмысы балалардың ересектердің мамандықтары туралы білімдерін толық, әр жасқа қол жетімді етіп құруға мүмкіндік береді. Ата-аналар балаларды кәсіптер әлемімен таныстыруда баға жетпес көмек көрсетеді. Экскурсиялар, бақылаулар, ата-аналармен кездесулер, тәрбиешінің кітаптары мен әңгімелерін оқу, еңбек адамдары мен Отанның ұлылығын дәріптейтін мерекелер мен ертеңгіліктер балалардың ішкі әлемінің дамуының айнасы болып табылатын ойын әрекеттерін айтарлықтай байытатын зерттеу қызметі процесінде алынған жарқын әсерлер. [3. 64].



Кәсіптік бағдарлау қызметін жүзеге асырудың маңызды шарты жұмыста мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық-жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін құралдар мен әдістерді қолдану болып табылады. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде балалар пәндерді қабылдау,

тәрбиешімен қарым-қатынас жасау, сондай-ақ практикалық іс-шараларға қатысу арқылы білім алады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ерте кәсіптік бағдарлануына жағдай жасау жөніндегі қызмет мынадай қағидаттарды сақтай отырып құрылуы тиіс:

Баланың жеке ерекшеліктерін ескеру, оған тәрбие процесінің толыққанды мүшесі ретінде қарау.

Тұлғаның даму механизмдерін түсіндіретін тұлғаның даму үздіксіздігі принципі. Бұл қағида дамудағы оқытудың жетекші рөлі туралы ережені негіздейді және дамуды цифрландыру дәуірінде «бірінші кезекте жаңа, бұрынғы сатыларда болмаған жаңаның үздіксіз пайда болуымен және қалыптасуымен сипатталатын үздіксіз өзін-өзі қозғалу процесі» ретінде анықтайды. Бұл қағида дамуды анықтауда негіз болып қала береді. Білім әлі жетілмеген психикалық функцияларға – жақын даму аймағына бағытталуы керек. [4,82].

Қол жетімділік принципі. Мектеп жасына дейінгі баланың жұмыс істейтін барлық материалдары оған қол жетімділік принципіне сәйкес түсінікті.

Ғылым принципі. Мектеп жасына дейінгі бала туындаған сұрақтарға сенімді жауаптар алады.

Ашықтық принципі. Бала кез-келген іс-шараға өз қалауы бойынша қатысады.

Диалогтық принципі. Оқушы кез-келген еңбек міндетін орындау кезінде белсенділік пен қарым-қатынасты көрсетеді. Білім беру процесі диалог түрінде жүреді, ол баланы әлеуметтік әлемге енгізуге мүмкіндік беретін әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырылады.

Көрнекілік принципі әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен балалардың қоршаған әлемді қабылдауын ұйымдастыруға оңтайлы жағдай жасауды қамтиды.

Білім берудің өмірмен байланыс принципі. Бұл қағида мұғалімдерді қоршаған әлем туралы қазіргі ғылыми идеяларға (балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып) сәйкес білім беру мазмұнын жобалауға міндеттейді және архаикалық емес, қазіргі заманғы кәсіптер әлемін, оның технологиялануын, сондай-ақ болашақ мамандықтарға бағдарлануын көрсететін ұғымдар мен терминдердің (сөздердің) дәлдігін білдіреді



Рефлексивтілік принципі. Бала әлеуметтік ортада зейінді көрсетеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды ерте кәсіптік бағдарлау бойынша жұмыс формалары:

- экскурсиялар, мақсатты серуендер кезінде бақылаулар, қызықты адамдармен кездесулер;
- тәрбиешілер мен ата-аналардың әңгімелері, әңгімелер;
- ҰІӘ;
- ойындар, мерекелер және ойын-сауық;
- балалардың өзіндік қызметі.
- көркем әдебиетті оқу;


- сюжетті-рөлдік ойындар;
- фотокөрмелер, балалардың репродукциялары мен жұмыстарының көрмелері;
- тақырыптық сабақтар т.с.с. [5. 112].

Осылайша, мектеп жасына дейінгі балалардың ерте кәсіптік бағдарлануы мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі маңызды және қажетті қызмет бағыты болып табылады. Балаға дұрыс таңдау жасауға көмектесу мұғалімдер мен ата - аналар үшін оңай шаруа емес. Ерте кәсіптік бағдар беру үшін ұсынылған жағдайларды жасау мектеп жасына дейінгі балаларға қызығушылық танытатын қызмет түрін таңдауда

креативті болуды үйренуге, кәсіптердің алуан түрлілігі туралы түсінік пен білім алуға, ересектердің жұмысына құндылық қатынасын түсінуге, Тәуелсіздік, белсенділік, шығармашылық танытуға көмектеседі. Бұл олардың қанағаттану мен қуаныш әкелетін мамандықты одан әрі сәтті дұрыс таңдауына көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Антонова Т. «Балабақша тәрбиешілері мен бала отбасы арасындағы ынтымақтастықтың проблемалары және заманауи нысандарын іздеу» / Т. Антонова, Е. Волкова, Н. Мишина // *Дошкольное воспитание*, 2009. – №6. – С. 66-70.
2. Арнаутова Е.П. «Методы обогащения воспитательного опыта родителей» / Е.П. Арнаутова // *Дошкольное воспитание*, 2014. – №9. – С. 52-58.
3. Белая К.Ю. «Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің инновациялық қызметі: әдістемелік құрал» / К.Ю. Белая. – М.: ТЦ Сфера, 2013. – 64 с.
4. Белоногова Г. «Педагогические знания – родителям» / Г. Белоногова, Л. Хитрова // *Дошкольное воспитание*, 2013. – №1. – С. 82-92.
